

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:  
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.*  
**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ**

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

*Казахский язык и литература  
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**11/2014 ҚАРАША**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

---

---

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Гүлнәр ІЛДЕБАЕВА.	Мемлекеттік тілді меңгерту ерекшеліктері.....3
Қаракөз МЫРЗАҚАНОВА.	Сөздік қорды дамыту.....9
Шайзат ҚҰРМАШЕВА.	«Сыни тұрғыдан ойлау» модулінің сабаққа ықпалдастырылуы.....12
<i>Этнопедагогика – стержень нации</i>	
Алма ДАНИКОВА.	Элементы полилингвизма на уроках казахского языка.....17
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Мейрамгүл МҰҚАНОВА.	Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Адамдық борышың» өлеңі.....26
Гүлнар ЖОТАБАЕВА.	Абай Құнанбайұлы. «Ескендір» поэмасы.....29
<i>Тарихи тұлға тағылымы</i>	
Нұржан ӘБДІРАХМАНОВА.	Ел басқарған Абылай.....36
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Сара ҚАЙДАРОВА.	Өнегелі отбасы – егеменді елдің ертені.....50
Эльмира ҚАРИМОВА.	Жай сөйлемнің түрлері.....57
Балдырған ЖАЛПАҚОВА.	Мың бір мақал.....60
Гүлбаршын НЫСАНОВА.	Ұлттық ойындар.....67
Зухра АЛДАБЕРГЕНОВА.	Жеті ата.....73
Роза ОТАРБАЕВА.	Шәмші Қалдаяқов.....78
Мереке АБДИГАЛИЕВА.	Үкімет.....83
Зүбайра ЖАСЫБАЕВА.	Мамандықтар.....87
Ақжанат НАҚЫПОВА.	Жаңа жыл.....94
Лейла САДЕНОВА.	Ана тілі – білімнің кілті.....98
Анар ШУМБАЛОВА.	7-сыныптарға арналған нәтиже сабақтардың тапсырмалары.....104
<i>Бастауыш білім бағанасы</i>	
Фатима АШИРОВА.	Қазақ халқының ою-өрнектерінің бірі – кошқармүйіз.....112
Жаңылған АХМЕТОВА.	Адам не істейді? .....117
<i>Сыныптан тыс шара</i>	
Күнбала СЫҒАЕВА.	Наурыз – думан.....121
Ақбота ЖАҒАБАЕВА.	Поэзия – жүрек тілі.....127
Ботагөз ЕЛУБАЕВА.	Батыр Ләззат желтоқсанда жан қиды.....132
Мадина ГУЛАХМЕДОВА.	Менің тұңғыш Президентім.....138

## Мұғалімдерге көмек

Гүлнәр ІЛДЕБАЕВА,  
Павлодар қаласындағы  
№1 жалпы орта білім беру  
мектебінің қазақ тілі  
пәнінің мұғалімі.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕНҒЕРТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мектеп табалдырығын аттаған бала бәрін білуге, үйренуге құштар. Өзге тілді үйретуді ерте жастан бастаған тиімді екендігі – дәлелденген факт. Алайда орыс тілді мектепте мемлекеттік тілді оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Бастауыш сатыда қазақ тілі екінші тіл ретінде оқытылады, сондықтан дәстүрлі тәсіл – «грамматика» арқылы тіл үйрету әдісі қолданылмайды. Тіл үйрету тыңдау, қайталау және сөйлесім үлгілері бойынша іске асырылады. Оқушыларға сөйлесім үлгілерінің жүйесі беріледі де, оның грамматикасы (атаулар, ережелер) қалыс қалып отырады. Фонетикадан мәлімет танымдық деңгейде ғана кірістіріледі.

Мұғалімнің басты міндеті - қазақ тілінде сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Дегенмен де кешегі ойын баласын сабақта жалықтырмай, тілге деген қызығушылығын тудыру, ынталандыру оңай емес. Өйткені 6-7 жастағы бүлдіршіндердің қиялы жоғары деңгейде, олар өздері ойлап тапқан қиял әлемінде

өмір сүреді де арман-тілектерін шынайы өмірмен байланыстырады. Балақай ағаштар, жануарлар сөйлейді дегенге сенеді, тіпті олар үшін қиял-ғажайып кейіпкерлері – кәдімгі адам. Сондықтан да шәкірттің жас ерекшелігіне сай сабақты ойын түрінде өткізу ұсынылады. Себебі ойын арқылы баланың таным қабілеті мен тілі дамиды, сонымен бірге қарым-қатынас жасауға жағдай туғызылады. Ойын: Жыл мезгілдерінің атауын дұрыс дыбыстаңыз.

«Бүгінгі балаға кешегінің көзімен қарама, бүгінгінің биігінен үңіл», - дейді М.Әлімбаев. Он рет айтқанша, бір рет көрсет. Өйткені қазіргі бала - теледидар, компьютер баласы. Бұдан шығатын қорытынды – оның көру қабілеті тыңдау қабілетінен анағұрлым жоғары. Тіл үйрету заман талабына сай көрнекілік арқылы іске асырылғаны жөн. Ендеше әр сөзді естіртіп қана қоймай, оның суретін көрсеткенде ғана сөз оқушы жадында сақталып қалады деп айтуға болады. Қазақ тілі балабақшадан бастап оқытылатынын ескере отырып, диагностика арқылы тұлғаның сөздік қорын анықтауға болады.

Белсенді сөздік қор:

- туыстықты білдіретін атаулар: ана (шеше), ата, әже, әке, бала, ұл, қыз, аға, іні, әпке, сіңлі, қарындас;

- дене мүшелері атаулары: бас, шаш, көз, қас, кірпік, құлақ, мұрын, ауыз, тіл, тіс, ерін, қол, алақан, саусақ, тырнақ, аяқ;

- киім атаулары: бас киім (қалпақ, құлақшын), сырт киім (тон, шапан) көйлек, шалбар, жейде, қолғап, аяқ киім (етік, бәтіңке);

- тамақ атаулары: нан, сүт, май, қаймақ, шай, қант,

ет, сорпа, ботқа, шырын, кеспе, балмұздақ, іш, же, дәмді, дәмді емес, т.б.

- жеміс атаулары: алма, алмұрт, өрік, жаңғақ, жүзім;

- көкөніс атаулары: қияр, сәбіз, қызанақ, шалқан, қауын, қарбыз, пияз;

- қоршаған орта: аспан, күн, ай, жұлдыздар, бұлт, жер, жануарлар, өсімдік.

Сонымен туыстықты білдіретін атаулар, дене мүшелері, т.б. бойынша қанша сөз меңгерілді, қай сөз бүлдіршінің жадында сақталмағанын анықтау үшін тексеру жұмысы жүргізіледі.

Диагностика қорытындысы негізінде әр атау негізінде есте қалмаған сөздерді жаңғырту тиімді.

Қазақ тілі екінші тіл ретінде оқытылатындықтан, сөйлеу үлгілерінің қарапайым түрлері ұсынылады. Материалды ұсынбас бұрын, баланың өзіндік әлемін зерделеген жөн. Олар – баланың күнделікті өмірі: қоршаған орта, мектеп, тамақ, киім, ойын. Себебі: бала күнде ұйықтайды, оянады, мектепке барады, сабаққа дайындалады, үш мезгіл тамақ ішеді, жыл мезгіліне сай киім киеді, шешеді, ауыстырады, ойнайды.

Балдырған көргенін істейтіні баршаға мәлім, ендеше ертегі көрсету, жағдаяттық-рөлдік тапсырма орындатқызу, ойын ойнатудың маңызы зор екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Ойын - үйренім сөздер мен сөйлесім үлгілерін игертуде қолайлы.

Үйренім сөздер: мен, сен, сіз, маған, саған, сізге, мынау, бұл, кім? не? қара, тыңда, айт, кел, қайтала, дұрыс, бұрыс, сөйле, сана, сұра, апар, әкел, бер, баста,

отыр, тұр, жүр, ойна, аш, жап, шық, кір, өшір, тоқта, тазала, сұрт, көмектес, жина, қой, т.б.

Сөйлесім үлгілері:

- Мынау не? Мынау – мектеп (парта, орындық, тақта, т.б.).

- Мектеп қандай? Неше парта?

- Сенде артық қалам (қарындаш, дәптер, қағаз) бар ма?

- Менде артық қалам (қарындаш, дәптер, қағаз) бар (жоқ).

- Мынау қандай қағаз?

- Мынау – ақ қағаз (көк, сары, т.б.).

- Неше қалам (қағаз, қарындаш, сызғыш, т.б.)?

- Бір қалам, он екі қарындаш, бір сызғыш, т.б.

- Сен ойнайсың ба?

- Иә, мен ойнаймын. Жоқ, мен ойнамаймын.

Сұрақ-жауап түрлерінің құрамындағы сөздерді алмастыра білу немесе қажетті сөзді анықтау білігін қалыптастыру өзекті. Мысалы, Отбасы мүшелеріне қатысты сөздердің астын сызыңыз.

МҰҒАЛІМ, ӘЖЕ, МЕКТЕП, АНА, ДӘПТЕР, АТА, ҚАЛАМ, АҒА, БАЗАР, ӘКЕ.

Әрине, тұлғаны белсенділендіру қажет-ақ, алайда білімді нәтижеге бағыттау дегеніміз – бағдарламаны орындау. Білім сапасын оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар бойынша тексеруге болады. Білімнің сапасын айқындау жүйелілікті қажет етеді. Сапа ұсынылатын материал көлемі мен мазмұнға тікелей байланысты болғандықтан, білім мазмұнын былай жүйелеуге болады.

Сөйлеу әрекеті:

Айтылым:

- өзі, мектебі, досы, жыл мезгілі туралы 2-3 сөйлем көлемінде айта алу.

Оқылым:

- мәтінді оқу. Сөздерді буынға бөліп оқыңыз. Ата, шеше, ана, бала.

Тыңдалым:

Мұғалімнің сөйлеген сөзін түсініп тыңдай алу.

Айжан ерте тұрды. Ол көйлегін киді. Шашына бантик байлады. Аяғына туфли киді. Мектепке кетті. (Үш рет оқылады, оқушылар сұрақтарға жауап береді).

Мәтін кім туралы? Айжан шашына не байлады? Ол қандай киім киді? Қайда кетті?

Жазылым:

- Көшіріп жазу, диктант және тест.

Тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті ү немесе ұ әріпін жазыңыз. К...н - солнце, ж...мбақ - загадка, г...л - цветок, ...н - мука, к..з - осень.

Басты міндет - бағдарламаны орындау және тілді меңгертудің тиімді тәсілдерін оқу үдерісіне енгізу. Дегенмен де тапсырмалар түсініп оқуға, көшіріп жазуға және тақырып бойынша затты, іс-әрекетті сипаттауға бағытталғанда ғана бағдарлама мақсаты орындалады. Мысалы, «Мен және менің отбасым» тақырыбы. 2-сынып.

Тапсырма. «Менің әжем» тақырыбына 3-5 сөйлемнен тұратын мәтін құрастырыңыз.

Тірек сөздер: мейірімді, менің, тұрады, шебер, ол, оған, пісіреді, дәмді, тамақ, тоқиды, көмектесемін, қалада (ауылда), жақсы, мен.

көмектесу – оказание помощи;  
мейірімді – ласковый, милосердный;  
оған – ему, ей;  
ол – он, она, оно;  
шебер – мастер, умелец.

Тіл дамыту жұмыстары шынайы өмірмен байланыстырыла жүргізілуі тиіс, сондықтан мұғалім өз біліктілігін арттырып отыруы қажет.

Әр баланың жүрегіне жол тап, біреуін жылы сөзбен баура, екіншісіне сәл-пәл қатаңдау бол, үшіншісіне әлденені өзің жасап көрсет ... әр балаға нақтылықпен қара,- дейді халық педагогикасы. Бұл – жеке тұлғаға бағыттап оқыту. Бұдан шығатын түйін - ұстаз психолог те болуы қажет.

Жалпы, тапсырмалар түрлендіріліп, бір-бірімен сабақтасып, ойын түрлерімен де үйлестіріліп ұсынылғанда да ғана нәтиже бермек. Ендеше, өмір бойы оқу – бүгінгі күннің талабы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Учебная программа по предметам образовательной области «Язык и литература» для 1-4 классов общеобразовательной школы. Астана, 2013.
2. Ж.Д.Адамбаева. «Қазақ тілі» бойынша дидактикалық материалдар. А., 1990.
3. Р.Г.Сыздыкова, К.И.Хусаин. Казахско-русский словарь. А., 2002.

**Қаракөз МЫРЗАҚАНОВА,**  
Алматы қаласындағы  
№127 жалпы білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **СӨЗДІК ҚОРДЫ ДАМЫТУ**

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілінен оқушының сөздік қорларын байытып, тілін дамыту ерекше орын алады. Сыныпта сөздік қорды дамыту жұмыстарының түрлері алуан түрлі. Олар заманның ағымына қарай, мектепте оқу-тәрбие үрдісіне сай үнемі дамып, жаңа оқыту технологияларымен толығып отырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен айқындалады. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп отандық педагогтар алдына бағдарлы мақсат жүктеп отыр.

Сөздік қоры бай адамның ойын анық жеткізу мүмкіндігі мол болады. Тауып сөйлеу, ойын анық білдіру қажетті сөзді қолданумен тікелей байланысты. Сондықтан тіл дамытуда оқушының сөздік қорын байытуға ерекше мән беріледі. Сөздік жұмысы әр сабақ үстінде, жыл бойында, бүкіл оқу кезеңінде белгілі жоспармен, жүйемен жүргізілуі керек. Оқушы сабақ сайын сөз үйреніп отырады. Оқушыға

үйретілген жаңа сөз мәтінде, диалогтарда жаттығуда қолданысымен байланысты беріледі. Сабақ сайын жылма-жыл әр сыныпта оқушының сөздік қоры өсіп отырады. Әр сабақта үйретілген жаңа сөзді оқушының күнделікті өмірде, қарым-қатынаста белсенді сөздігіне айналдыру – оқушының сөздік қорын байытудағы негізгі мақсат болып саналады. Мен өз тәжірибемде сөздік қорын оқытудың жолдарымен жұмыс жасап келемін.

5-сыныптың тобында сөздік қорын меңгерту жұмыстары жүргізілуде. Оның басты себебі – жергілікті ұлт өкілдерінің болуы және өзге ұлт өкілдерінен тұратын білімнің сөздік қорын меңгеруі.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегі жұмыстар жасалу керек: 1) жаңа сөз мағынасын оқушыға анық түсіндіру; 2) жаңа сөздің оқушы есінде сақталуын қамтамасыз ету; 3) жаңа сөзді қолданыста меңгеру, яғни, жаңа сөзді қолдану дағдысын қалыптастыру; 4) жаңа сөздің айтылуы мен жазылуын меңгерту; 5) сөздікпен жұмысқа үйрету.

Сөздік қорын оқытуда оқушылардың ізденіс аударма жұмыстары ерекше орын алады. Мұнда оқушыларды жеке дәптерге жазып отыруға дағдыландыру қажет. Сөздік дәптер үйде күнде оқылғанда, тек жаңа сөздер ғана емес, ол түгел қайталанады, әрбір оқушы сөз тіркестерін құрайды. Сол бойынша сөйлемдер құрастырады. Бұл күнделікті өмірмен байланысты болғандықтан, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыра түседі.

Оқушылардың сөздік қорын байыту суретті сөздік ретінде, кейін аударма ретінде жасалады.

Оқушының сөздік қорын байытудың тағы бір жолы – мақал-мәтелдер сөздігін жасату. Мақал-мәтелдер сөздігін оқушы сөйлеу кезінде, мазмұндама, шығарма жазғанда пайдалануына болады.

Жаңа сөздер қатысқан мақал-мәтел жаттау, өлең жаттау өте пайдалы, ол сөздердің ұмытылмауына үлкен ықпал жасайды және сөздердің қолданысын үйренуді бекітеді.

«XXI ғасыр көшбасшылары», «Марафон», «Абай оқулығы» олимпиада қызықты ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстарға оқушылар белсенді түрде қатысады. Сыныптан тыс жұмыстарда оқушыға қазақша сөйлеу ортасы жасалып, оның қазақша қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туады. Оқушы қазақ тілінде өлең, мақал-мәтел жаттайды, мәнерлеп оқуға жаттығады, қазақша газет шығарады. Осының бәрі қазақша жүргізіледі. Ол оқушының сөздік қорын байытады, сөйлеу дағдысын бекітеді, тілін дамытады.

Қорыта келгенде, мемлекеттік тілді меңгеру, сөзді меңгеру және оның мағынасын түсініп қолдану – оқушының тілін дамытып, тілдік қарым-қатынас жасаудың басты құралы. Сондықтан оған мектепте аса зор көңіл бөлінеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. С.Ч.Тұрсынғалиева. Қазақ әдебиеті: Әдістемелік нұсқау. «Арман-ПВ», 2009.
2. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі».

Шайзат ҚҰРМАШЕВА,  
Павлодар қаласындағы  
№16 лицей-мектебінің  
қазақ тілі пәнінің  
мұғалімі.

## «СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ» МОДУЛІНІҢ САБАҚҚА ЫҚПАЛДАСТЫРЫЛУЫ

**Сыни тұрғыдан ойлау** – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім.

Балалардың **сыни тұрғыдан ойлау** қабілеттерін табуды қажет ететін негізгі **ерекшеліктер:**

- **ұтқырлық:** ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу; үзілді-кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақтар қою; дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес, себепке негізделу;

- **сыңаржақтылықтың болмауы:** барлық қорытындыларды бағалау; болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру; баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу;

- **пайым:** дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау;

- **тәртіп:** тиянақты, нақты және жан-жақты болу (барлық дәлелдерді есепке алып, көзқарастарға көңіл бөлу);

- **өзіндік сана-сезім:** өзіміздің эмоциямыз бен көзқарасымыздың, сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну.

Жалпы сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар **белсенді** болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге **сенбейді**, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке **ашық болады** деген тұжырымдамамен келісемін, себебі мен тәжірибеге барғанда, осыған нақты көзім жетті. Әр сабағымда диалогты оқыту барысында оқушыларымды сыни тұрғыдан ойлауға жоғары деңгейлі сұрақтар арқылы жетелеп отырдым. Мәселен, алғашқы сабағым «Жыл мезгілдері» тақырыбындағы сабағымды алып қарасам, әр кезеңінде оқушыларды ойландыратындай тапсырмалар болды. Алғашқы сабағымда оқушылар мен ойлағандай белсенділік танытпады. Дегенмен де қызығып орындаған тапсырмалары – визуалды көру айғақтары арқылы суреттерді сөйлету әдісі және ойларын флипчартқа түсіру. Флипчартқа түсіруде өз пікірін айтпаған оқушылар болды. Әрбір топтан тек белсенді 3-4 оқушы ғана көрініп отырды. Таңдап алған үш оқушының ең белсендісі үздік оқитын оқушы – Юля, жақсы деңгейдегі оқушы –

Женя болса, тек бақылаушы қызметінде отырды. Бұл оқушы аса көп сөйлемейді, бірақ кез келген жерде сұрақ қойсаң, жауап беруге тырысады. Менің ойым дәл болды, Женя постерді қорғауға шықты. Жұмысты қорғағанда, дауысы бәсеңдеу, көпшілікке назар салмай, әйтеуір ақырын ғана қорғап шықты. Ал сол топтың белсенділері болса, «дауысыңды шығарып сөйле, ұялмасаңшы» деген ескерту жасады. Бұл ескеруден соң оқушы кішкене ыңғайсызданып, үндемей тұрып алды. Бірақ мен «Жақсы, Женя, ойыңды нақты жеткізіп жатсың, бірақ сені артқы жақта отырған оқушылар естімей жатыр» дегеннен соң, қорғауға қайта баяу кірісті. Өзімде осы жерде осы оқушыға «не істеуім керек?» деген сауал тұрды. Неге десеңіз, тәжірибенің алғашқы күндері мектепке келгенде «оқушыларымды қалай бақылаймын, менде сондай бақылайтын оқушылар орын алмайды ғой» деген сауалдар болды. Өкінішті-ақ... Мен қалай бұрын осы олқылықтарға мән бермегенмін? Осы Женя сияқты тұйық оқушылар менде жеткілікті. Осы орайда, менің мәселем – осындай көпшілік алдында сөйлеуге қиналатын, диалогқа түсе алмайтын оқушыларға әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сенімділік орнатып, жеке ой-пікірі бар оқушы дайындау болды.

Оқуы төмен деңгейдегі оқушы өз ойын айтса да, оны ешкім елемеді. Осы сабақтан кейін мен оны рөлдік қызметке тағайындап отырдым және оның жауаптарына «дұрыс айтасың» деп қолпаштау көрсетіп отырдым. Осы сыныпта Женя ғана емес, тұйық оқушылар да бар, оларды ортаға кіргізу үшін

әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып отырдым. Атап айтсам, «Жеміс-жидектер» тақырыбындағы сабақ жоспарым бүкіл кезеңінде СТО модулі көрініс тапты. Осы сабақта тілге икемді балаларды анықтадым. Себебі алдыңғы сабақтарда мен қосымша тапсырма берген болатынмын. Бұл тапсырмаларды әрбір оқушы аса бір белсенділікпен орындаған. Сондай-ақ, оқушылар әсіресе визуалды көру айғақтары бойынша жұмысты жақсы, қызығушылықпен істеді. Мен бұл тапсырманы әр оқушының топтағы іс-әрекетін бақылау үшін бердім. Осы кезде менің нақты проблемаларым анықталды. Айта кетсем, тұйық оқушыларды қалай да болса әрекетке қосу және өз ойын дәлелдеп жеткізе алатын оқушы дайындау. Мақсатыммен бірге ендігі менің міндеттерім де анықталғандай. Осындай топтық жұмыстарды көбірек ұйымдастыру. Және де осы күні бағалау кезеңі ерекше болған сияқты. Уақытым жетпесе де, мен бар оқушыларды тындауға тырыстым. Кейбір оқушылар өзгені бағалайтындай жағдайда болмады. Себебі олар сабақтың әрбір кезеңіне мән бермеген. Тек үй тапсырмасына ғана тоқталған оқушылар болды немесе флипчарт дайындауға ғана тоқталып өтті. «Үй тапсырмасына өзің де дайын емессің ғой» деген оқушылардың сөздерінен кейін үй тапсырмасы кезеңін айтып қана отырған оқушылар көбірек кездесті.

Шынымен де, оқушылардың соңғы тұжырымдамасын қарап отырып, кез келген оқушының логикалық іскерлігін ашатын жоғары



деңгейлі сұрақтар екеніне көзім тағы да жетіп отыр. Осы тікелей ашық диалогқа түсуде оқушылардың өзіндік ой-пікірлері қалыптаса бастады, жаттыға бастағаны байқалды және топ белсенділері олардан топ ережесін талап етіп отырды. «Бүгін мына жұмысты сен қорғайсың» деген сөздер әр сабақта естіліп отырды. Мүмкін, осы сөздің де көмегі тиген болар... Жалпы, мен де өзгеріс байқадым. Бастапқы сабақта сөйлемеген оқушыларым топ ережесімен жұмыс жасауға дағдылана бастады. Сонымен қатар, әр сабақтың бағалау кезеңіне ерекше тоқталдым. Кей кезде уақытымыздың жетпей қалуы да болды. Осы кезеңде оқушылар бастапқыда қатты қиналды. Оларды соңғы сабақта сөзге тартқанымда «Мен үшін бағалау қиын болды, себебі топтағы жолдастарым ренжиді» деген жауаптар көп болды. Бірақ ең соңында өздерінің міндеттерін түсініп, мойындады. Әр оқушы осы кезеңде өздеріне қойылған бағамен келіспейтіндіктерін ортаға салды. Жалпы, бағалау бойынша ешкімнің пікіріне шек қойылмады, себебі өзімнің мақсатым да осы еді. Оқушылардың көпшілік алдындағы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін топтағы диалог әдісіне ерекше көңіл бөлінді. Диалогқа емін-еркін араласатын оқушылардан болашақта бір нәтиже күтуге болатынына көзім жеткендей. Осы мақсатта оқушыларды пікірталасқа жиі араластырып отырдым. Сөздері сондай қысқа, жұтан болса да, бір-біріне деген көзқарасы, өз-өздерін реттеулері айқын көрініп отырды.

Алма ДАНИКОВА,  
учитель казахского языка  
и литературы  
экономической школы-лицея  
города Риддер  
Восточно-Казахстанской области.

## ЭЛЕМЕНТЫ ПОЛИЛИНГВИЗМА НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

*«Сүйемін туган тілім – ана тілін,  
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.  
Шыр етіп жерге түскен минутімнен  
Құлағымға сіңірген таныс үнін».*

Данное четверостишие представляет собой ярчайший пример полилингвизма. Наряду с исконно казахскими словами мирно соседствует слово «минута», пришедшее с немецкого языка [3] и в сложном глаголе «шыр етіп», вспомогательный глагол «е» заимствованный с арабского языка [7]. Таких примеров можно привести очень много и проявлением полилингвизма в лексике казахского языка в настоящее время никого не удивит. Согласно словарю социолингвических терминов, полилингвизм - это: 1. В одинаковой степени владение несколькими

языками. 2. Наличие нескольких языков на той или иной территории. [5].

В нынешний век развития науки и техники, интеграции многих разноязычных народов, в силу различных причин, корни которого уходят в далекое историческое прошлое, полилингвизм – закономерное явление. Я учитель казахского языка со стажем можно сказать с «советских» времен, и в моей памяти еще учебники казахского языка 90-х годов, которые изобиловали такими заимствованными с разных языков словами, как «парк, экскурсия, завод, класс, километр, бригадир, футбол, пароход, елка, совхоз, актер, профессор, педагог, цирк, арена, корабль [4] [9] и т.д». Такой размах полилингвизма не сколько радовал, а настораживал. Возникало чувство недоумения и досады, когда приходилось работать с такими предложениями типа: «Тақпақ елка туралы еді» [4]. В настоящее время многие из этих слов подверглись переводу, «парк – саябақ, класс – сынып, километр – шақырым, елка – шырша, актер – әртіс, космос – ғарыш, интернет – ғаламтор, душ – себізгі, фонтан – субұрқақ, аудитория – дәрісхана» и другие. Ну, а такие заимствованные с русского языка слова, как «завод», «поезд» «область» изменились на исконный казахский манер «зауыт», «пойыз», «облыс» так, как и раньше их произносили казахи. Теперь казахский язык претерпевает значительные изменения и становится таким, каким он должен быть. Сейчас современному учителю казахского языка

необходимо быть в курсе таких лингвистических изменений. Учитель обязан при работе с новыми словами употреблять только переводы утвержденные Государственным терминологическим комитетом при министерстве РК (Мемтерком). Конечно, работа по переводу терминов, которые по велению времени вливаются широкой рекой в современный казахский язык, безусловно важна и трудна, поэтому в ней иногда бывают и перегибы. Возможно, поэтому режет ухо перевод понятия «клавиатура – пернетақтай», который уже давно закреплен и в терминологическом словаре ИТ-терминов на казахском языке. Я поддерживаю мнение наших лингвистов считающих, что технические термины должны заимствоваться по максимуму: «Незачем изобретать мокроступы, (так сначала русские нацпаты-славянофилы перевели в позапрошлом веке французское слово «калоши») которые ввергают язык в регресс, а не прогресс.» - таково было письмо-обращение министру культуры Кул-Мухаммеду известного казахстанского журналиста, шеф-редактора департамента информационных проектов, издателя и философа Бейбита Саханова. [6]. Аргументируя свое мнение он обратился к словам нашего великого просветителя Ахмета Байтурсынова, который так выразился о проблеме терминологии: «Наш народ только что вкусивший плоды культуры, считая, что у своего языка не хватает слов и перенимая отдельные слова из языков культурных народов, заменяя слова

родного языка и иностранного языка, не заметит, как потеряет свой язык. Поэтому, переводя литературу, научные книги культурных народов на казахский язык не нужно брать готовые предметные слова, нужно найти слова на своем родном языке. Тогда язык нашей литературы будет чистым». Заимствованные слова наоборот, только помогают в развитии языка, органично расширяют его лексическую базу, способствуют его быстрому освоению иноязычными людьми. [6].

«Бір тіл білген адам – бір адам, екі тіл білген адам – екі адам», «Жеті жұрттың тілін біл» («знай языки семи народов») гласит народная мудрость.

Эти пословицы в настоящее время являются нельзя более как актуальными. 12 сентября 2005 г., выступая на втором Гражданском форуме, Президент РК Н.Назарбаев заявил: «Мы должны совместно оказывать поддержку **языкам** и культурным традициям **всех народов Казахстана**. Никто не должен быть ущемлен в правах пользоваться родным языком и культурой» [2]. 20 августа 2007 года на XIII сессии Ассамблеи народа Казахстана Глава государства Н.А.Назарбаев подчеркнул:

«Мы должны приложить все усилия для дальнейшего развития **казахского языка**, который является главным фактором объединения всех казахстанцев. В то же время создать благоприятные условия, чтобы представители всех проживающих в стране народностей могли свободно говорить,

обучаться на родном языке, развивать его»[1]. В 2007 году в Казахстане на государственном уровне принят культурный проект «Триединство языков». Перед нами поставлена задача – научить детей владеть в совершенстве тремя языками: казахским, русским, английским. В 2008 году, введено тестирование по государственному языку, как один из этапов конкурсного отбора при получении стипендии «Болашак». Поэтому становится актуальным преподавание казахского языка с позиции триединства. Это становится возможным, если во главу угла в обучении казахскому языку ставить принцип сравнения его с другими языками. Например, при выдаче такой темы как: «Септеуліктер (последологи)», объясняя функциональную роль послелогов говорим, что в русском и английском языках их заменяют предлоги. При этом обязательно надо донести до ученика разницу в их употреблении. В русском языке «до школы» предлог «до» стоит перед словом с которым он связан. В казахском после слова с которым он связан, «мектепке дейін». Причем послелог «дейін – до» требует употребление предыдущего слова в направительно-дательном падеже. В английском языке предлог «to» соответствующий предлогу «в», а также и все остальные предлоги также ставятся перед употребляемым словом. Объясняя структуру построения предложений, очень важно научить правильно строить предложения. Если в русском и

английском языках сказуемое пишется в начале предложения сразу после подлежащего, в казахском, в основном в конце предложения. «Мы пришли в гости» «Біз қонаққа келдік». При объяснении темы «Имя прилагательное» отмечаем отсутствие категории рода в казахском языке, «жақсы қыз, жақсы ұл бала, жақсы іс» «хорошая девочка, хороший мальчик, хорошее дело». Способствует обогащению словарного запаса учащихся метод сопоставлений ассоциаций возникающих при произношении одного того же слова у людей разных национальностей, так называемых ассоциативных полей. Как отмечает в своей работе «Языковое сознание и особенности его проявления у представителей русского и казахского этносов» А.А.Шаяхметова: «...существуют слова структурирующие ассоциативное поле» [8]. К таким словам она относит слово например «адам» (человек). Объясняя это тем, что с ним образуются в казахском языке 1) словосочетания «адамға жау, адам сүйгіш» и др. 2) пословицы и поговорки «адам аласы ішінде, мал аласы сыртында» и т.д.; 3) фразеологизмы «ол адам болмайды, адам біткен» и т.д.». Шаяхметова А.А. сравнивая ассоциации русских и казахов обнаружила много сходных реакций на стимул «человек», «адам». В ассоциативном поле русских есть так же и такие реакции, как «толпа», «толпа людей», «слишком много», указывающие на некоторую усталость россиян от неорганизованной толпы, среди которой им пришлось жить» [8].

Приведенные выше примеры, доказывают необходимость на уроках казахского языка при работе с новыми словами, еще и важность объяснения ассоциативного понятия слова у разных народов, сопоставление их, выяснение их различия и сходства. Такой метод безусловно более полно раскрывает значение слова, тем самым служит более полному его пониманию и усвоению, формируя ученика, как поликультурную личность и позволяют учителю решать задачи поставленные программой «Триединста языков».

Расширение культурных и экономических связей Казахстана с Турцией вызвало у населения потребность в изучении родственного турецкого языка. В связи с резким повышением интереса к религии представителей исламской ориентации появилась потребность в изучении арабского и персидского языков. Эту потребность на уроках казахского языка, мы разрешаем например при прохождении темы «Үндестік заңы – закон сингармонизма». Учитель акцентирует внимание учащихся на слова пришедшие с арабского, персидского языков, обращая их внимание на то, что они не подчиняются данному закону. При работе с такими словами, как «бұйрық, кітап, жұрт, мекеме, әкім» объясняем их этимологию происхождения с арабского «ярлұқ, кәтаб, йұрт, мехкеме, хаким, ғаскер» [7]. Некоторые слова как «саудагер, шабуыл, кара, ақсүйек, құл, күн, байғұс,

кедей» не претерпели никаких изменений, они в таком же виде применяются в современном казахском языке. Выясняя этимологию производных имен прилагательных, знакомим учащихся с особенностями арабского словообразования. Например: наличие в производных именах прилагательных словообразующих суффиксов «-лу/-лү». «Хұрметлу (кұрметті), құдретлу (құдіретті). При этом обращаем внимание на то, что выше приведенные суффиксы под воздействием закона сингармонизма в казахском языке модифицировались в словообразующие суффиксы -лы/-лі; -ды/-ді; -ты/-ті. [5]. Этимология вспомогательных глаголов казахского языка таких как: «е, бол», также имеют арабско-персидские корни: «е – ер, бол – ол». Например: «жазған ердім (едім), иаз ерді (жаз еді), хайран олдым (болдым)». Безусловно будет интересно учащимся узнать и то, что в казахском языке личные окончания глаголов в III лице -ды/ -ді заменяются в арабском языке формантом -дур. Например: «мағлұмат олынадур – мағлұмат алады» [7].

В материале отражены лишь некоторые элементы полилингвизма, с которыми учитель казахского языка сталкивается на своих уроках постоянно. Акцентировать свое внимание на них не только интересно и познавательно, это на данный момент, веление нашего времени.

### Использованная литература:

1. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на XIII сессии Ассамблеи народа Казахстана. akorda.kz.
2. Выступление Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева на втором Гражданском форуме - akorda.kz.
3. Большой словарь иностранных слов. М., «Юнвес», 2006, 278-стр.
4. Ж.Д.Адамбаева. «Қазақ тілі» учебник для русских школ 5 класса. А., «Рауан», 1992, 84 стр, 192- стр, 143-стр.
5. Словарь лингвистических терминов. Т.В.Жербило. www.lingvoinfo.com.
6. Бейбіт Саханов. «Мокроступы казахского языка как тормоз на пути его развития». Письмо-обращение.
7. Ләззат Дүйсембекова. Іс қағаздарын қазақша жүргізу. 17-бет.
8. Айсулу Шаяхметова. Языковое сознание и особенности его проявления у представителей русского и казахского этносов (социолингвистический и психолингвистический аспекты). www.lingvoinfo.com.
9. Н.М.Шанский, В.В.Иванов, Т.В.Шанская. Краткий этимологический словарь русского языка.

Мейрамгүл МҰҚАНОВА,  
Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы  
орта мектептің мұғалімі.  
Ақмола облысы,  
Аршалы ауданы.

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. «АДАМДЫҚ БОРЫШЫҢ» ӨЛЕНІ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірімен танысып, өлеңдерінің идеясын ашу, рухани-адамгершілік қағидаларымен танысу, өлеңді нақышына келтіре оқи отырып, негізгі түйінді таба білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – оқушылардың қоғамға деген өзіндік көзқарастарының қалыптасуына ықпал ету, өз ойларын еркін, нақты жеткізе білуге баулу, тіл байлықтарын дамыту, өз бетімен ізденуге, ой қорытуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – ақынның өлеңдері арқылы оқушылардың рухани байлығын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, жаман мінезден аулақ болу, адами сезімді қастерлеу, сүйіспеншілік ішкі рухани тазалыққа үйрету.

**Түрі:** жаңа білімді меңгерту сабағы. **Типі:** іздендіру сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, іздендіру, ой қорыту, БЖС технологиясы (сөздік қор, матрица). **Пәнаралық байланыс:** әдеп, өзін-өзі тану, тарих, музыка.

Сабақтың барысы:	
Кезеңдер: Ұйымдастыру.	Амандасу, сабаққа оқушылардың дайындықтарын анықтап, сынып даяр екендігін бақылау және оқушыларды түгелдеу.
Үй тапсырмасын тексеру.	Үйге берілген ережелерді сұрау, жазған эссе жұмыстарын оқытып, бағалау.
Жаңа тақырып: класстер әдісі арқылы түсінік беру, әрі оқушылардың өздері жазып, мұғалімнің көмегімен тиянақтайды.	Электрондық оқулық арқылы бейнероликті көрсетіп, жаңа тақырыпқа ену. Сабақтың құрылымы: 1. Халқым деп өткен ел данасы. 2. Өшпес мұратқа қызмет етер өлмес мұра. 3. Шәкәрім мұрасы – мәңгілік шежіре. Шәкәрім Құдайбердіұлы – қазақ мәдениеті мен ғылымының көгінде өзінің жарқын жұлдызын қалдырған биік тұлға.   Ө.Тәжібаев.
	Шәкәрім – қазақ мәдениеті тарихында орны зор, еңсесі биік ерекше тұлға. Ол – заманның озық ойлы демократы, ірі ағартушысы, терең ойшылы, қоғам қайраткері. Жарты ғасырдан астам еріксіз үзілістен соң халық алдына қайта шыққан ұлы тұлғаларымыздың бірі Шәкәрімнің қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихында алатын орны ерекше. Шәкәрім әрі ақын, әрі тарихшы, философ, өз заманының үлкен ойшылы еді, қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерген, қазақ халқының көркемдік ойының үздік үлгілерін туғызған, қазақ өлеңдерін түрлендіре түскен, қазақ тілінің мол мүмкіндіктерін бұрынғыдан әрмен танытқан бірегей қаламгер еді. Ол жаңа қазақ әдебиетінің көшбасшысы Абайдың үлкен ағасынан туған ізбасар інісі. Туыстық жөнінен ғана емес, ұстанған жолы тұрғысынан алып қарағанда да Абайға ең жақын адам еді. Қилы заманда оққа ұшқан ақынның есімі де жұртшылық санасынан аласталмақ болған еді. Бірақ «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші өзі өлсе де аты өшпеген Шәкәрім атамыздың шығармалары әлі де жас ұрпақтың білім нәрін сусындатып келеді. «Адам болып тудым, адам атымды ақтайын, көп үшін, халық үшін, келешек ұрпақ үшін еңбек етейін. Кейінгіге үлгі аларлық із-белгі қалдырайын,

	адам атым өшпесін, тарихқа аз да болса үлес қосайын деген ойда болдым. Келешектің ойын ашайын деп жаздым.																								
	.....Өз заманым үшін жазғам жоқ. Келер дәуірдің адамы үшін жаздым.» 1. Оқушылар өздері ізденіп келген жұмыстарын бірнеше пәндермен біріктіріп қорғайды. 2. Абай мен Шәкәрімді салыстыру. 3. Борыш деген сөздің мағынасын ашу. 4. «Адамдық борышың» өлеңін мәнерлеп оқу. 5. Талдау.																								
<b>Кітаппен жұмыс.</b>	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Тақырыбының идеясын ашу</th> <th>Өлең мазмұнына жоспар</th> <th>«Адамдық борыш»</th> <th>Мақал-мәтелдермен байланыстыру</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>Өнерлінің қолы – алтын, Өлеңшінің сөзі – алтын</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай, Батырмын деп баптанба, барып қайтпай.</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>Білімдіден ақыл шығар, Ақылды қарттан нақыл шығар.</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>Еңбек ерлікке жеткізер, Ерлік елдікке жеткізер.</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>Жігітке абыройдан айырылғанша, Жанынан айырылғаны артық.</td> </tr> </tbody> </table>	Тақырыбының идеясын ашу	Өлең мазмұнына жоспар	«Адамдық борыш»	Мақал-мәтелдермен байланыстыру				Өнерлінің қолы – алтын, Өлеңшінің сөзі – алтын				Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай, Батырмын деп баптанба, барып қайтпай.				Білімдіден ақыл шығар, Ақылды қарттан нақыл шығар.				Еңбек ерлікке жеткізер, Ерлік елдікке жеткізер.				Жігітке абыройдан айырылғанша, Жанынан айырылғаны артық.
	Тақырыбының идеясын ашу	Өлең мазмұнына жоспар	«Адамдық борыш»	Мақал-мәтелдермен байланыстыру																					
				Өнерлінің қолы – алтын, Өлеңшінің сөзі – алтын																					
				Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай, Батырмын деп баптанба, барып қайтпай.																					
				Білімдіден ақыл шығар, Ақылды қарттан нақыл шығар.																					
				Еңбек ерлікке жеткізер, Ерлік елдікке жеткізер.																					
			Жігітке абыройдан айырылғанша, Жанынан айырылғаны артық.																						
<b>Өздік жұмысы.</b>	1. Бейнероликпен ашу. 2. Шәкәрім өмірі. 3. Шәкәрім туралы зерттеулері. 4. Слайд. 5. Шәкәрім мен Абайды салыстыру. 6. Борыш деген сөздің мағынасын ашу. 7. Өлеңді мәнерлеп оқу.																								

	8. Өлеңді кесте бойынша талдау. 9. Сөздік жұмыс. 10. Топқа бөлу. 11. Коллаж жасау. 12. Қазіргі кезде Шәкәрімнің әндерін Роза Рымбаева, Жанар Айжанова, Тамара Асар орындап жүр. 13. Коллажды қорғау.
<b>Үйге тапсырма:</b>	Өлең құрылысына талдау, тармақ, бунақ, буын, ұйқас түрлерін табу.
<b>Бағалау.</b>	Жақсы қатысқан оқушыларды бағалау.



**Гүлнар ЖОТАБАЕВА,**  
**Көктал орта мектебінің мұғалімі.**  
Жамбыл облысы,  
Байзақ ауданы.

## **АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ.** **«ЕСКЕНДІР» ПОЭМАСЫ**

**Сабақ мақсаты: білімділік** – көркем туындыны түсініп, мәнерлеп оқуға және идеялық-тақырыптық негізін, ой астарын түсінуге үйрету, поэманың тереңіне бойлату, ақынның образ жасау шеберлігін ұғындыру; **дамытушылық** – поэманы талдай білуге төселдіру, сын тұрғысынан ойландыру арқылы түйіндік ойларын айта білуге, өзіндік пікір қалыптастыруға дағдыландыру, өз ойын тұжырымдауға, тиянақты, жүйелі сөйлеуге үйрету; **тәрбиелік** – ақын шығармасындағы оқиғалар негізінде оқушылардың

дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерінің көзін аша отырып, рухани имандылыққа, ізденіске, іскерлікке, таным белсенділігін арттыруға тәрбиелеу.

1. «Қызығушылығын ояту». «Ой шақыру».

Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?

Жырымен жан сусынын қандырған кім?

Өзіне-өзі орнатып ескерткішті,

Мұра қып кейінгіге қалдырған кім?

Ерте оянып, ойланып, ер жеткен кім?

Талабын тас қияға өрлеткен кім?

Құба жон, құбақан құм, құла қырды,

Өлеңнің бесігінде тербеткен кім?

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен кім?

- Балалар, бұл Абай атамызға арналған өлең жолдары. Олай болса, осы ойларыңызға қандай дәлел айтар едіңіздер? Бұл өлеңнің жауабы ретінде «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» атты Абайдың өлеңін жатқа айтқызамын.

**2. Мағынаны ашу.** Мағынаны ашу кезеңінде «Топтастыру» әдісін қолданамын. Бұл әдіс арқылы оқушылар «Абай кім?» деген сұраққа мәлімет аламын. Абайдың сазгерлігі, ағартушылық қызметі, ақындық жолы, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, философ екені жайлы мағлұматтар береді. «Еркін жауап» стратегиясы бойынша төмендегі сұрақтарды топта талқылап, жауап берейік.

1) Абайдың қандай поэмалары бар? (Ескендір, Масғұт, Әзім әңгімесі)

2. Сөздікпен жұмыс. «Сөздер сөйлейді» стратегиясы бойынша шығарма мазмұнында кездесетін сөздердің мағынасын ашады.

4. «Кубизм» стратегиясы бойынша топтық жұмыс жүргіземіз. Үш топқа екі тапсырмадан беріледі. Бұл әдісті қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, оқушылардың зейінін, зеректілігін, жадында сақтау қабілеттерін арттырады.

**I топ.** 1-қыры: «**Ойланыңыз**». Шығарма мазмұнына жоспар құрыңыздар. Оқушылар төмендегідей жоспар құрады.

1. Ескендірдің тегі, патшалығы, жорықтары.
2. Жорықтағы Ескендірдің бұлақпен кездесуі.
3. Ескендірдің бұйрығы.
4. Күзетшімен тілдесуі, оның сыйы.
5. Аристотельдің сүйекті өлшеуі.
6. Ақынның өсиет сөзі.

2-қыры: «**Зерттеңіз**». Зерттеу сұрақтары қойылады. Бұл әдіс оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіреді. Іскерлікке үйретеді.

1. «Абай «Ескендір» поэмасын шығыс поэзиясына сүйеніп жазды» деген пікірді қалай түсіндіресіздер?

2. «Ескендір» дастаны тек шығыс поэзиясына ғана сүйеніп жазылған ба?

Оқушы жауабы: - Абай медреседе оқығанда білім нәрін шығыс поэзиясынан алды. Шығыс классиктері: Фирдауси, Науаи, Низами өз дастандарында, шығармаларында атақты грек қолбасшысы Александр Македонский туралы аңыздарды арқау



еткен, мадақтаған. Ендеше, Абай шығыс поэзиясымен терең сусындағандықтан, өз поэмасының өзегін одан алған да болар.

Екінші оқушы: - Жоқ. Мен олай ойламаймын. Белгілі ақын 60 жылдары батыстың ақындары мен философтарының еңбектеріне ден қойып, оқыған. Оған дәлел сөз – өз сөзі. Яғни, «Шығысым – батыс боп кетті» деуі. Ақын өз шығармасында тарихи деректерді батыс философы Дрэпердің «История умственного развития Европы» атты еңбегінен алған шығар. Өйткені, Дрэпер: «Александр Македонский – это искатель приключений, осуществляя намерения отца своего, Филиппа начал свое выступление с крайне ничтожными средствами», - деп жазады. Дрэпер әйгілі философ Аристотельді мақтаса, Абай Аристотель даналығына, ақыл сөзіне сүйсінеді деген деректер келтіре отырып, Абай поэмасы Ескендір қасиетін ашуда батыс ғалымдарының идеясымен үндес екенін қызыға баяндайды.

**II топ.** 3-қыры: «Қолданыңыз». «Ескендір» поэмасының мазмұнын айтып, мифологиялық образдарына да тоқталып өтеді (табиғат, жұмбақ бұлақ, алтын қақпа, күзетші, орамалға түйілген сүйек).

4-қыры: «Суреттеңіз». Поэмадағы Ескендір бейнесін суреттеу ұсынылады. Ескендір – іші тар, көрсеқызар, баққұмар, тойымсыз, қатыгез патша.

**III топ.** 5-қыры: «Салыстырыңыз». Абайдың «Ескендір» поэмасы мен қарасөзін салыстыру.

6-қыры: «Талдаңыз». «Ескендір» поэмасына талдау жасау. Оқушылар топта бірлесе талқылай

отырып, өлең құрылысына талдау жасап, тақырыбы мен идеясын анықтайды. Тақырыбы: Адамгершілік, қанағат тұту, даналық. Идеясы: Қанағат пен жауыздықты әшкерелеу, әділет пен даналықты дәріптеу.

Сондай-ақ түйінді ой түйеді: Абай бұл шығармасында адам бойындағы жаман қасиеттерді әшкерелейді. Ол өз өлеңінде де өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – бес дұшпанның деп атап көрсеткен болатын. Бұндай тапсырмалар барысында топтың әр мүшесі жауапкершілік сезініп, шығармадан тәлім-тәрбие алады.

«Автор орындығы» стратегиясы әр оқушының өзіне сенімділігін арттыра түседі.

**I топ.** 1. Поэмадан өсиет өлеңді тауып, автор орындығына отырып, мәнеріне келтіріп оқиды, өз пікірлерін білдіреді. Бұл әдіс оқушылардың даралық мүмкіндіктерін аша түседі.

Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме,  
Мұны бір өзге сөздің бірі деме.  
Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін,  
Тоймас көзің толар деп қайғы жеме.  
Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ кетер.

**II топ.** 4-тапсырма. «Екі түрлі түсіндірме күнделігі» стратегиясы.

Мәтіннен үзінді	Үзінді жайлы пікір	Ой-тұжырым мазмұнға сәйкес мақал-мәтел
Долдықпен хан Ескендір ашуланды, Ашуланып қақпаға жетіп барды.	Хан қаһарлы, қатыгез.	Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос.

Қанша алтынды күміспен салсадағы, Бір кішкентай сүйекті аудармады.	Бакқұмар болмау керек.	Арпа - бидай ас екен, Алтын – күміс тас екен.
Жақсы болсаң жарықты кім көрмейді, Өз бағаңды өзіңнен кім сұрайды?	Адамгершілік қасиетін жоғалтпау керек.	Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын! Жақсы ай мен күндей, Баршаға бірдей.
Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін, Толмас көзің толар деп қайғы жеме.	Мақтаншақ, қанағатсыздық – адам бойындағы дұшпан.	Қанағат – қарын тойғызады, Қанағатсыздық – жалғыз атын сойғызады. Өзі тойғанымен, көзі тоймас.

### III топ. «Семантикалық кесте».

Шығармадан үзінді	Ескендір	Аристотель	Күзетші
Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең, Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!			+
Ең болмаса, халқыма көрсетейін, Сый қылып, белгі болар бір нәрсе бер.	+		
Жемтіккөз жер жүзіне тоймаса да, Өлсе тояр, көзіне құм құйғанда.		+	

**IV. 3. Ой толғаныс.** Өтілген тақырып бойынша тұжырым жасайды.

РАФТ стратегиясы.

Р – оқушы;

А – бүгінгі заманның тойымсыздарына,  
Ескендірге;

Ф – хат, үндеу;

Т – Қанағатсыздық қайда апарады?

Ү – “Автор орындығы” стратегиясы.

Үндеу

Құрметті, қауым! Мен сіздерді пендешіліктен арылуға, иманды болуға, арлы болуға, қанағат етуге, ашкөзділіктен сақтануға, ойланып іс жасауға, күлкіге қалмауға осындай жаман қасиеттерден бойларыңызды аулақ ұстап, халқыңа пайдалы да игі істермен айналысуға шақырамын.

*9 «б» сынып оқушысы Тілегенова Б.*

**VI. Үй тапсырмасы:** Абай әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер Мұхтар Әуезов: «Мен Абай тереңнен шөміштеп қана іштім» деген екен. Ал біз Ұлы ғұлама тереңіне бас қойғанымызбен тек сол тереңнен дәм таттық қой деп ойлаймын. Сол себепті оқудан, білімге құштарлықтан, ізденуден жалықпайық дей отырып, үй тапсырмасын ұсынамын:

1. Поэмадан үзінді жаттау (міндетті).

2. “Ұлыдан-ұлағат” Абай шығармашылығы бойынша ізденіп, ойтолғау жазу (мүмкіндік деңгейі).

**VII. Білімді бағалау.**

**Нұржан ӘБДІПРАХМАНОВА,**  
**Қарабұлақ ауылының**  
**негізгі мектебінің мұғалімі.**  
Ақмола облысы,  
Бурабай ауданы.

## **ЕЛ БАСҚАРҒАН АБЫЛАЙ**

**Мақсаты:** XVIII ғасырдағы Орталық Азияның әлемдік деңгейдегі мемлекет басшысы Абылай ханның өмірі жайлы түсініктерін кеңейту, ұлы бабамыздың ел үшін сіңірген еңбегі жайлы өздіктерімен іздене білуге, саналылықпен түсіне білуге бағыт-бағдар беру; шәкірттердің бойында Абылай бабаларына деген құрмет, мақтаныш сезімін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Көрнекілігі:** Абылай ханның суреті, кітаптар, компьютер, альбом, суреттер.

**Әдісі:** сұрақ-жауап, сұхбат, мәнерлеп оқу, шығармашылық.

### **Барысы:**

- Қайырлы күн, құрметті студиямызға жиналған қонақтар! Бүгін «Ұлы тұлғалар» айдарымен берілетін бағдарламамызда қазақ елінің тарихында өшпес із қалдырған аса ірі тұлға – Абылай жайлы «Ел басқарған Абылай» атты конференцияны назарларыңызға ұсынбақпыз.

### **Тілші:**

- Өзінің бүкіл ғұмырын қазақ мемлекетін нығай-

туға арнаған Абылай бабамыздың өмірі жайлы деректі білгіміз келеді.

### **Тарихшы:**

- Абылай ханның өмірі оңай болған жоқ. Ол 1711 жылы Түркістан қаласында дүниеге келді. Сол кезде әкесі Көркем Уәли Түркістанға сұлтан болып тұрған екен. Бұл кезең қазақ халқы үшін жойылып кету қауіпі төніп тұрған заман болатын. Батысында отаршылдық дәмін татып, тәсілін меңгеріп үлгерген Ресей империясы кеуделеп келе жатты. Шығысында өзін аспан әміршісіне балайтын Қытай империясы айдаһардай ысқырып тұрды. Оңтүстігіндегі елдер де қазақ даласына ит көрген ешкідей ажырайып қарайтын. Әсіресе, көшпелі өмір салты ұқсас, мекен-тұрағы жапсарлас Жоңғар хандығы тыным бермеді.

Абылай көзін ашар-ашпастан тағдырдың осындай зұлмат тауқыметімен беттесті. Өзара бақталастық, алауыздық салдарынан жастайынан жетім қалып, Төле бидің тәрбиесінде болды. Азан шақырып қойған аты Әбілмансұр болса да, Сабалақ деген жасырын атпен жүруге мәжбүр болады. Мұсылманша жақсы білім алды. Шығыстың жеті тілін жетік білген.

Абылайдың бойы ортадан жоғары болатын. Жауырыны қақпақтай, дене күші зор еді. Замандастары оны батылдығы, ержүректігі үшін қатты құрметтейтін. Ол өз ғұмырының ең соңғы күндеріне дейін жауынгерлерімен бірге болды. Соғыста қолға түскен барлық олжаны бөлісті. Жаумен шайқас кезінде бірнеше рет жаралы да болды.

Сөзге шебер әрі тапқыр еді. Өз замандастары арасында сөзіне берік, алғыр ойлы, барынша адал

әрі әділдігімен көзге түсетін. Керемет шешендігімен, қазақтардың ежелден келе жатқан әдет-заңдарын және шежіресін өте жақсы білетіндігімен ерекшеленетін.

Ол өз төңірегіне халықтың құрметіне бөленген ең беделді әрі адал адамдарды топтастырды.

**Тілші:**

- Атамыз Сабалақ деген жасырын атпен жүргені белгілі. Қай кезден бастап Абылай деген атқа ие болды?

**Тарихшы:**

- Абылайдың аты жиырма жасында-ақ кеңінен танымал болды. Әбілмәмбет ханның әскери жасағына кірген ол бір шайқастың кезінде «Абылайлап» ұран тастап, жоңғар қалмақтарының атақты батыры Шарышты жекпе-жек ұрыс үстінде өлтіреді. Содан кейін-ақ ол Абылай деген жаңа атқа ие болып, қазақтардың арасында орасан зор бедел алды, сый-құрметке бөленді. Оған Орта жүздегі Арғын тайпасының Атығай атты ірі руына басшылық ету сеніп тапсырылды.

**Тілші:**

- Абылай ханның ішкі саясаты жайлы ой бөліссек ...

**Тарихшы:**

- Ханның ішкі саяси қызметі бір орталықтан басқарылатын әрі ешкімге тәуелсіз мемлекет құруға бағытталды. Мұның сәті түсті де. 1771 жылы ол Түркістан қаласында қазақтың бүкіл үш жүзінің ханы болып жарияланды. Өзінің қол астындағы халықты жақсы басқару үшін Абылай үш жүздің

әрқайсысына өзінің ұлдары мен жақын туыстарын билеуші етіп тағайындады. Сот билігін күшейте түсіп, қазақ билері мен батырларына арқа сүйеді. Абылай хан өз кезінде алауыздықтан туындайтын барымта мен қақтығыстарды тоқтатты. Қазақтардың егіншілікпен, шөп шабумен және балық аулаумен айналысуына қолдау көрсетті. Қазақ даласында керуен саудасын күшейтуге көп көңіл бөлді. Темір ұстаханаларын салудың бастамашысы болды. Әнші-күйшілерге, ақын-жырауларға, діни қайраткерлерге қамқорлық жасап отырды.

**Тілші:**

- Иә. Дана бабамыз елді дала демократиясы бойынша әділ басқарған. Бүгінгі басқару формасы – парламенттегі мәжіліс пен сенат сол заманда да болды десек қателеспейміз. Ол хан кеңесі және билер кеңесі деп аталған. Хан кеңесіне барлық билер, батырлар қатысып, бүкіл сыртқы қарым-қатынасты, соғыс пен аттанысты шешетін болған. Ал билер кеңесінде ел ішіндегі жер дауы, жесір дауы, т.б. мәселелер біржақты етілген.

Ал, енді, Абылай бабамыздың дипломаттығы жайлы әңгімелесеңіздер.

**Тарихшы:**

- Ол Ресеймен өзара қарым-қатынаста тату-тәтті көршілік саясатты ұстануға тырысты. Дипломатиялық және сауда байланысын орнатты.

Жоңғар хандығын біржола құрып кетуден сақтауға тырысты. Өйткені Қытай сияқты алып елмен бетпе-бет келгісі келмеген қазақ ханы екі ел арасына жауынгер жоңғарларды қалқан етіп ұстағысы келген.

Абылайдың дипломаттығының тағы бір жемісі жоңғарлармен қатынасында көрінеді. 1741-1743 жылдары Абылай Қалдан-Сереннің қолында тұтқында болады.

Тұтқыннан ешкімнің көмегінсіз босайды. Оның дипломаттығының кереметі сол, еліне қайтар кезінде Қалдан-Сереннің ұйғарымы бойынша Әмірсамен анда (дос) болады. Тұтқын болып барған Абылай Қалдан-Сереннің жақынының Топыш атты қызын алып, еліне артынып-тартынып, мол олжамен қайтады.

Ал Топыш – тарихтағы Кенесарының әжесі, Қасым сұлтанның шешесі.

Жаңа замандағы зерттеуші орыс ғалымы И.Крафттың сөзімен айтқанда, «Ол (Абылай-авт.) қалыптасқан нақты жағдайларға қарай бірде Ресейге, бірде Қытайға, енді бірде Жоңғарияға шын берілген болып көріне білді, ал шын мәнінде ешкімге де бас иген жоқ».

#### **Тілші:**

- Абылайдың жоңғар тұтқынына қалай түскені туралы М.Ж.Көпеев былай дейді: «Ұлытауда бүркіт салып, ел шетін қарауыл қарап ұйықтап жатқан жерінде Абылайды қалмақтың қолы ұстап алыпты. Жөн сұраса, бір ғана өзі үшін аттанған қол екенін білген соң, «Күтінбеген елді шаптырып қайтемін», - деп Абылай: - Мен іздеген Абылайың, - депті».

Ал, енді, «Абылай мен Қалдан-Серен» атты көріністі тамашалаңыздар.

#### **Қалдан-Серен:**

- Шарыш сынды батырымды өлтірдің. Қанға-қан, жанға-жан, соның орнына сені өлтіремін. Не арманың бар?

#### **Абылай:**

- Менің 3 арманым бар. 1. Мен Шарышты қазақ пен қалмақтың қан майданында өлтірдім. Сіз мені ұйқыда жатқанымда ұстап өлтіргелі отырсыз. Мен майданда өлсем арманым жоқ. 2. Қазақ көшіп-қонып жүрген ел ғой, орнықтырып, отырықшы өмірге кіргізіп өлсем армансыз болар едім. 3. Төрт атадан бері жалғыз едім. Дәл қазір өліп кетсем, не балам, не бауырым жоқ. Дүниеге келмегендей боламын ғой.

#### **Тілші:**

- Осылайша өзінің алғырлығымен, шешендігімен, тектілігімен көзге түскен Абылайды Қалдан-Серен босатып қана қоймай, оған баласы Әмірсананы анда қылды.

Бағдарламамыздың мақсаты – Абылай тұлғасын ашу болғандықтан, бабамыз жайлы әңгімені әрі қарай жалғастырайық.

Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Ол «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржынқақпай», «Майда жел», «Сары бура», «Шаңды жорық», т.б. күйлердің авторы.

Қазақ өнерін бағалаған Абылайдай дана адамға арналған өлең-жырлар да көп. Ендігі кезекті соларға берейік.

### **Аружан:**

- Абылай елдің ықпалды адамдарының пікірін аяқ асты етпеген, оларды құлақ аса тыңдаған. Солардың бірі – Бұқар жырау. Бұқар – халқының, елінің тағдырына қабырғасы қайысып, парасатты ой түйген жырау. Абылайдың қате жерлерін түзеп отырған. Абылай ханға арнаған шығармаларының негізгі өзегі-сыртқы жаумен күрес, ел ынтымағы, ел бірлігі.

#### **Абылай ханның қасында**

Бұқарекен жырлайды  
Жырлағанда не дейді,  
Соғыспа деп жырлайды  
Бұқарекен деген кәріңіз.

Соғыссаң кетер сәніңіз  
Бізден бұрын өтіпті,  
Әзіреті Әліңіз.  
Жаулық жолын сүймеңіз,  
Мынау жалған сұм дүние,  
Өтпей қалмас демесеңіз.

#### **Аида:**

- Қуандық Шаңғытбаев атамыз «Сабалақ» атты өлең жазып, қазақ елінің тарихындағы бірегей тұлға – Абылайдың және қазақ жауынгерлерінің майдан даласындағы ерен ерліктерін суреттеген екен.

Аңырақайда айқас, айқас, қаржасу,  
Аспан асты алай-түлей шаң да шу,  
Шабу, шаншу, ат үстінен жармасу,  
Жатыр қызып кек пен ыза, қанды ашу.

Қасарысты қазақ, қалмақ алысты,  
Шабысты да, сайысты да, қағысты.  
Талай тарлан ер-тоқымын сүйретіп,  
Сынды сүңгі, талай қылыш майысты.

Шаңға бөкті сала, дала, тау үсті,  
Талай боздақ ат жалына жабысты.  
Көз қарықты, таудай кепті, қар талды,  
Тұлпарлардың тірсектері шалысты.

Көкке білеп желкілдеген байрағын,  
Баса берді қалмақ жақтың айбары.  
Сиреп қалған серіктерден сескеніп,  
Әбілмәмбет бас бармағын шайнады.

«Ата нәкес, жықты ма жау туымды»,  
Деп ызаға Әбілмәмбет буынды.  
«Ала кетем жастығымды мен де» деп,  
Қынабынан алдаспанын суырды.

Қалды кенет жүзі жайнап жадырай,  
Демін тартып дей берді тек: «А, Құдай!»  
Бір бүйірден қол келеді құйғытып,  
Ұран салып: «Абылай да Абылай!»

Қыран қанат қас қабағы түйілген,  
Жеңіл ғана шидем шапан киінген,  
Келе жатыр қол басында бір жігіт  
Қаршығадай тас қомданып шүйілген.

Сарбаздар да ер қасына құнысқан,  
Жалақтайды қыннан шыққан қылыштар.  
Қолтығына сүңгілерін қысып ап,  
Сол бойынша кетті кіріп ұрысқа.

Шаң-шұң қылыш, жатыр көбі кетіліп,  
Омақаса түскен жандар өкіріп.  
Тіреседі найзаларын емініп,  
Сіреседі аттар көкке секіріп.

Сардар да жүр қара мұртты қияқты,  
Көктен аққан жарық жұлдыз сияқты.  
Ойқастайды ортасында ойраттың,  
Баудай қағып ояқты да бұяқты.

Қыза берді түздің дүлей бүлігі,  
Таралғылар қара терге шіріді.  
Солқылдайды майдан жайдың күдірі,  
Басылмайды ат пен айқас дүбірі.

Бесін ауа тынды долы дода да,  
Жау жеңілді жебеп-жасқап жер-ана.  
Ат ойнатып ордаға қол оралды,  
Қақ төрінде хан отырған обаға.

Бәрі тыныш – түзде дүзгін, долана,  
Көз ұшында жатыр көлбеп көл-ана.  
Мелшиеді құз-жартастар беткейде,  
Өлік тосып, ескі, мылқау молалар.

Төбеде хан көп ескеріп Құдайды,  
Қуанғаннан көзін жасқа бұлайды.  
- Тосқауылдан тосын тиген қайсың?- деп,  
Жан-жағына қарап жұрттан сұрайды.

- Кім?- дейді хан, тағы айнала қарап ап,  
Ақ сақалын саусағымен салалап.  
- Мен,- деді бір жігіт сонда жақындап,  
Атыңды айтшы? – Атым, тақсыр, Сабалақ.

Белгілі ғой айтпасам да ар жағын:  
Сол Сабалақ – Абылай ата тарланың.  
Абылай тағы туа ма деп қазақтан,  
Тосып келем, сол – ендігі арманым.

### **Тілші:**

- Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев еліміздің, жеріміздің бүтіндігі жолында жанын пиде еткен батырларымыз жайлы «Батыр Баян» поэмасын жазғанын бәріміз де білеміз. Осы шығармадан кемеңгер ел басшысы Абылай жайлы үзінділер тыңдайық.

### **Қуат:**

- Сол кезде елге қорған болған Абылай  
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап.  
Күндердің бір күнінде хан Абылай  
Қалмаққа – (ойына алды) – ойран салмақ.  
Ханынан: «Аттан!»- деген сөз шыққан соң,  
Ордаға батыр, билер келеді аңдап...  
Жиналған өңшең бөрі Бурабайға,  
Алаштың кебесіндей ізгі жайға.

**Жанар:**

- Абылай ерін күткен көп зарығып,  
Қолынан Баян-айын алды тартып.

Алдына отырғызып, күміс кернеу  
Керсеннен көкжалына берді сарқыт.  
Берді де бүгіп басын ойға кетті,  
Асқардай ой билеген мәңгі қалғып.

Аздан соң көтеріліп жан-жағына  
Қарады жер жиһанның бәрін тар ғып.  
Қарады, қыран сөзі қысқа болды:  
«Таң ата жүреміз!» деп берді жарлық.

**Динара:**

- Тартымды да бейнелі сөздерімен, дәл табылған  
теңеулерімен шығармалары жұртшылық көңілін  
бірден баурап алатын ақын Сырбай Мәуленов  
атамыз да Абылай бабамызға жыр жолдарын арнаған  
екен.

Ат ойнатып сен тұрдың,  
Шаңдатып хан шатырын.  
Жекпе-жекте өлтірдің,  
Қалмақтың бас батырын.

Жалпақ дала аспанын,  
Даңқың кетті аралап.  
Білді сонда қас жауың,  
Кім екенін Сабалақ.

Болдың өзің бас тұлға,  
Күресте өтті күндерің.  
Ақ туыңның астында,  
«Абылайлап» тұрды елің.

Тепкісінде жат елдің,  
Түскен сорлап азапқа.  
Сен теңдікті әпердің,  
Туған елің-Қазаққа...

Өтті талай заман көп,  
Парасаттың желі ескен.  
Дем беруші бабам деп,  
Шығармады ел естен.

Қалаған көз тірінде,  
Ұлы елдің іргесін.  
Ұлы Абылай, бүгінде  
Біздерменен біргесің.

**Тілші:**

- Мектебімізде шығармашылықпен айналысатын  
жас өрендеріміз Абылай аталары жайлы шығарма  
жазған екен.

**Аружан:****Өмірі өнеге тарихи тұлға**

Қазақ халқының басына төнген қиын-қыстау  
заманда тарих сахнасына шығып, ел қамын ойлаған  
қайраткер Абылай бабамыз еді.

Дана бабамыз өзі де жастайынан көп тауқымет  
көрген екен. Өзара бақталастықтың салдарынан



жастайынан жетім қалып, Төле бидің тәрбиесінде болады. Би атамыз үсті-басының тоз-тозы шыққан, шашы өскен балаға Сабалақ деген ат қойыптымыс. Алайда көпті көрген дана би Сабалақтың жай тұқымнан емес екенін де түсінген, себебі сол кездің өзінде-ақ оның бойында ірі қайраткерге тән қасиеттер болған. Ақылдылығымен, батырлығымен, табандылығымен ерекше көзге түскен. Ең алғаш оның ерекшелігін байқаған Бөгенбай батыр болған. Бөгенбай адамның да, малдың да асылын бір көргеннен таниды екен. Төле би атамызға амандаса келгенде батыр Сабалақты көріп:

Шырағым-ай, көзің отты бала екенсің!

Мінезің қазақтағы хан екенсің.

Жазға салдым қалмаққа аттанамыз,

Соған да керек болар жан екенсің!- деген екен. Көңілінің түскендігі сондай, астындағы Нарқызыл деген тұлпарын сыйға тартыпты.

Бөгенбай атамыздың шынында да көреген адам болғандығын Сабалақ жоңғарлармен болған алғашқы ұрыста-ақ дәлелдейді.

Шығыс дәстүрі бойынша шайқас жекпе-жекпен басталады екен. Осы ұрыста 20 жастағы Сабалақ қалмақтың батыры Шарышпен жекпе-жекке шығып, оны жеңеді. Содан кейін қалмақтың қалың қолына «Абылайлап» ұрандап, қарсы шабады. Сабалақтың ұранынан қуат алған қазақ қолы қалмақтарды жеңеді.

Осы тарихи жағдай жайлы Қуандық Шаңғытбаев атамыз «Сабалақ» атты өлеңінде былайша толғанған екен:

Төбеде хан көп ескеріп Құдайды,

Қуанғаннан көзін жасқа бұлайды.

Тосқауылдан тосын тиген қайсың?- деп,

Жан-жағына қарап жұрттан сұрайды.

- Кім? – дейді хан, тағы айнала қарап ап,

Ақ сақалын саусағымен салалап.

- Мен,- деді жігіт сонда жақындап.

Атыңды айтшы? – Атым, тақсыр, Сабалақ.

Осы ұрыстан кейін Сабалақ аты ұмытылып, Абылай деп аталады.

Абылайдың шыққан тегі анықталғаннан кейін қазақтың сол кездегі ханы өз тағын ұсынса да, ол таққа отырмаған. Осыдан Абылай бабамыздың үлкен адамгершілік қасиетін байқауға болады. Әбілмәмбет хан қайтыс болғаннан кейін ғана таққа отырған атамыз өз заманындағы беделді де талантты тұлғаларға арқа сүйей отырып, хандық билікті күшейткен. Қазақ елін біртұтас мемлекетке айналдырған. Абылай хандық құрған заманда еліміздің шекарасы да кеңейген. Бұның бәрі бабамыздың керемет дипломат, ақылды саясаткер екендігін дәлелдейді.

Ұлтымыздың ұлы кеменгері Абай атамыздың: «Өлді деуге бола ма ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған»,- деген сөзі Абылай ханға арналғандай, ел мерейін тасытқан Абылай данамыздың есімі мәңгілік жасай бермек!

**Тілші:**

- Туған жері мен халқы үшін жанын пидә қылып күрескен бабаларымыздың арманы Жаратушымыздың қолдауымен орындалды. Елдің бірігуінің арқасында халқымыз бен жеріміздің сақталуы барлық ұрпаққа өнеге. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

Сара ҚАЙДАРОВА,  
Ақмола облысының  
Степногорск қаласындағы  
№4 «Болашақ» облыстық  
дарынды балаларға  
мамандандырылған  
мектеп-интернатының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ – ЕГЕМЕНДІ ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

(9-сынып)

*Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.*

**Н.Ә.Назарбаев.**

**Жалпы мақсаты:** тақырып бойынша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастар туралы әңгімелеу. Туыстық атаулары туралы мәліметті толықтыру, жаңа тақырып бойынша лексиканы сөздермен сөздік қорыларыңды молайту және топпен шығармашылық қабілеттеріңді қолдануға үйрену.


**Түрі:** жаңа білімді меңгерту, бірлесіп білім алу, жекелей, жұптық, топтық. **Әдіс-тәсілдер:** сөйлесу, сұрақ-жауап, әңгімелеу. **Көрнекіліктер:** суреттер,

үлестірмелі материалдар, интерактивті тақта, слайдтар, сұрақ-жауап, дәлелдеу, әңгімелеу.

### Сабақтың жүру барысы:

Сабақтың кезеңдері:	Сабақтың мазмұны
Ұйымдастыру: Психологиялық дайындық:	- Сәлеметсіңдер ме, балалар? - Отырындар. 1) Тілашар. 2) Психологиялық ахуал. Шенбер құрып алақанымыздың жылуы арқылы бір-бірімізге жылы сөз айтайық.
Кезекші әңгімесі: Сабақтың ұраны:	- Сыныпта кім кезекші? - Сабақта кім жоқ? - Балалар қазір қай сабақ? - Олай болса, қазақ тілі сабағындағы ұранымыз қандай? Бір ауыз сөз болса да дауыстап айт, ең бастысы үнсіз қалма (әр оқушының алдына мақсат қою).
Тілдік жаттығу: Сөйлесу: Мұғалім-оқушы.	- Сендер қай республикада тұрасыңдар? - Мемлекеттік тіл қай тіл? - Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады? - Сен қазақша сөйлейсің бе? - Қазақша жақсы түсінесің бе?
Үй тапсырмасын сұрау:	- Олай болса, бүгінгі сабақта қазақша сөйлесіп көрейік. Қане, үйге берілген Тіл туралы мақалдарды жатқа айтып, олардың мағыналарын түсіндіріп беріңдер. Үйде дайындап келген сөзжұмбақ пен ребустар бойынша білімімізді тексереміз, сол сөзжұмбақ пен ребустарды топтар арасында дұрыс шешімін табамыз.
Сабақтың мақсатымен таныстыру. Сөйлесу: Мұғалім-оқушы.	Қазақ отбасы туралы. - Нені білулерің керек? - Қазақ отбасының мүшелері, туыстық атаулары, мақал-мәтелдері туралы білесіңдер. - Жаңа сөздермен, сөз тіркестерімен танысасыңдар. - Нені үйренулерің керек? - Дұрыс сөйлеп, сұраққа дұрыс жауап беруді. - Топпен жұмысты кеңірек жүргізуге баулу. - Сабақта 5 топ жұмыс жасайды. Топ басшылары бағалайды.

Сөйлесу: оқушы-оқушы.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Сенің отбасың үлкен бе?</li> <li>- Менің отбасым шағын.</li> <li>- Отбасыңда неше адам бар?</li> <li>- Отбасымда алты адам бар.</li> <li>- Сенің ата-анаң қайда жұмыс істейді?</li> <li>- Менің ата-анам мектепте жұмыс істейді.</li> <li>- Сенің атаң, әжең бар ма?</li> <li>- Менің атам, әжем бар.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Мына өлең жолдарын тыңдаңдар, ол қандай тақырыпқа жазылғанын, не туралы екенін айтыңдар.</li> <li>- Балалар, мынау өлең жол арқылы, бүгінгі сабағымыздың тақырыбын ашайық.</li> </ul>
<b>1-слайд.</b> Жаңа сабаққа дайындық:	<p>Әкем мен анам бар. Әкемнің әкесі – Ақ басты Атам бар. Әкемнің шешесі – Ақ шашты Әжем бар.</p> <p>Ұлдардың үлкені – Бір туған ағам бар, Қыздардың үлкені – Бір туған әпкем бар.</p> <p>Ұлдардың кішісі - Бір туған інім бар, Қыздардың кішісі- Бір туған қарындас Әпкеге – сіңілі бар.</p>
<b>2-слайд.</b> Оқушылар экрандағы сөздік арқылы өлеңнің мазмұнын түсінеді.	<p>Глоссарий: отбасы – семья; Онша үлкен емес – не очень большая; Бала – ребенок; Ұл – сын; Қыз – дочь; Тату- тәтті – дружно; Үйленбеген – не женат; Жігіт – парень; Тұрмыста емес – незамужем; Тұрмыста – замужем.</p>
<b>Жаңа сабақ:</b> <b>3-слайд.</b> Экранмен жұмыс:	<p><b>Тақырыбы: Өнегелі отбасы – егеменді елдің ергені.</b></p> <p><b>Туыстық атаулар:</b> Ата – әкенің әкесі (отец отца) Әже – әкенің шешесі (мама отца)</p>

<p>1. Жазылым: 2. Кітаппен жұмыс:</p>	<p>Әке-шеше – дүниеге ұрпақ әкелген ерлі-зайыпты адамдар (супруги). Бала – ата-анадан туған ұрпақ, олар ұл, қыз деп аталады (дети родителей, поколение, их называют сын, дочь). Ұл – шаңырақ иесі, ұрпақ жалғастырушы (хозяин дома, продолжатель рода). Қыз – басқа елдің болашақ келіні, болашақ ана (дочь – будущая сноха, мама). Немере – ұлдың баласы (сын сына). Шөбере – немеренің баласы (сын внука). Жеңге – ағаның әйелі (жена брата). Жезде – әпкенің күйеуі (муж сестры). Келін – ұлдың әйелі (жена сына). Нағашы – шешенің туыстары (родственники по материнской линии). Жиен – қыздан туған бала (ребенок дочери). Бөле – әпкелі-сіңлілердің балалары (дети сестер).</p>
<b>4-слайд.</b> 3. Кесте бойынша туыстық атауларды жазу:	<p>Осы сөздермен сөз тіркес, сөйлем құрастыру. Тілдесім. Диалог.</p> <p>Кітаптағы суретпен жұмыс. Суретке қарап сұхбат құрастыру.</p> 
Топтарды таныстыру:	<p><b>1.5 топқа бөліну:</b> 1-топ: «Ата» тобы, 2-топ: «Әже» тобы, 3-топ: «Әке» тобы, 4-топ: «Ана» тобы, 5-топ: «Бала» тобы (<b>Ата тобының жетекшісі</b> – Кирилл, <i>хатшысы</i> – Батырхан, <i>тайм-менеджмент</i> – Юлия).</p> <p><b>Әже тобының жетекшісі</b> – Томирис, <i>хатшысы</i> – Алибек, <i>тайм-менеджмент</i> – Коля.</p> <p><b>Әке тобының жетекшісі</b> - Данияр, <i>хатшысы</i> – Лиза, <i>тайм-менеджмент</i>- Ерлан.</p> <p><b>Ана тобының жетекшісі</b> – Анеля, <i>хатшысы</i> –Зарина, <i>тайм-менеджмент</i> – Виталина.</p> <p><b>Бала тобының жетекшісі</b> – Таня, <i>хатшысы</i> – Қосман, Салтанат, <i>тайм-менеджмент</i> – Катя).</p>

<p><b>5-слайд.</b> Топпен жұмыс. 4. Мәтінмен жұмыс. 10 мин (10 ұпай)</p>	<p><b>2. Мәтінмен жұмыс.</b> Оқылым. Тыңдалым. <b>1) Мәтінді мұқият оқып, түсіну.</b> <b>Туыстық атаулар</b> Отбасы – келешек ұрпақ. Онда сүйіспеншілік, татулық, сенім қалыптасады. Мемлекетіміздің негізгі міндеті – отбасыны қамқорлыққа алу. Әрбір баланың туған анасы, туған әкесі болады. Сенің әкең – сенің атаң мен әжеңнің баласы. Сенің анаң – нағашы атаң мен нағашы әжеңнің қызы. Ұл мен қыз үшін ата-анадан асқан адам жоқ, сондықтан балалар ата-анаға өмір бойы қарыздар. Ана – ошақ сақтаушысы. Ол бала тәрбиелейді, отбасын тамақтандырады, үйді таза ұстайды. Әке – отбасының тірегі, сондықтан ол отбасын қаржымен қамтамасыз етеді. Бала – ата-анадан туған ұрпақтар, олар ұл, қыз деп аталады. Баласы бар үй – бақытты үй деп саналады. Ұл – шаңырақ иесі, ұрпақ жалғастырушы. Қыз – басқа елдің болашақ келіні, болашақ иесі, сондықтан «қыз – қонақ» деп туған-туыстары аялап, мәпелеп өсірген. Аға, әпке, қарындас, сіңлі – бір әке-шешеден туған балалар, үлкен болса – аға, кіші болса – іні, үлкен қыз – әпке, кіші болса – қарындас, қыздар үшін сіңлі болады. Жеңге – ағаның әйелі. Ол жасы үлкендер үшін – келін, жасы кішілер үшін – жеңге, жеңеше. Немере – ұлдың баласы. Немере ата-әже үшін өте ыстық болады. Шөбере – немеренің баласы. Оның ата-ана үшін орны ерекше. Жиен – қыздан туған бала. Қазақ отбасында үлкенді сыйлайды, олардың айтқандарын есте сақтайды, үлкен кішіге ақылшы, қамқоршы, ал кіші көмекші болады.</p>
<p><b>6-слайд.</b> Қосымша дайындалған материалдар бойынша жұмыс:</p>	<p><b>Сөздік жұмысы:</b> сенім – доверие; қалыптасу – формироваться; қамқорлыққа алу – брать под защиту; ошақ сақтаушысы – хранительница очага; қаржы – денежные средства, финансы; қамтамасыз ету – обеспечивать; аялау – лелеять, ласкать, беречь; мәпелеу – внимательно, усердно ухаживать; қамқоршы – покровитель, опекун;</p>

	<p>ақылшы – советчик, наставник; тірек, қазық, сүйеніш – опора, поддержка.</p>								
	<p><b>2) Сұрақтар құрастырып жазындар.</b> <b>3) «Даналық ағаш» ойыны (кестені толтыру):</b></p> <table border="1" data-bbox="1328 288 1818 459"> <thead> <tr> <th data-bbox="1328 288 1575 349">Ата-ана не істейді? (ата-ана борышы)</th> <th data-bbox="1575 288 1818 349">Бала не істеу керек? (бала борышы)</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="1328 349 1575 387">1.</td> <td data-bbox="1575 349 1818 387"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="1328 387 1575 424">2.</td> <td data-bbox="1575 387 1818 424"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="1328 424 1575 459">3.</td> <td data-bbox="1575 424 1818 459"></td> </tr> </tbody> </table>	Ата-ана не істейді? (ата-ана борышы)	Бала не істеу керек? (бала борышы)	1.		2.		3.	
Ата-ана не істейді? (ата-ана борышы)	Бала не істеу керек? (бала борышы)								
1.									
2.									
3.									
	<p>4) Грамматикалық тапсырмалар. (жай және салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдерді қайталау) Жазылым. Екі жай сөйлемнен 1 салалас, 1 сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыр. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жаса.</p>								
	<p><b>Денгейлік тапсырмалар.</b> <b>1-денгей.</b> Мәтінді оқып, сұраққа жауап бер. Неге үйдегі алтын қазық – ана? Бабалар сөзі – тәрбие көзі. - Үйдегі алтын қазық кім?- депті қарт. - Ата, үйдегі алтын қазық – бала,- депті жігіт. - Жоқ, балам, үйдегі алтын қазық – ана. Ана ақылды болса, бала дана болады. Ана тәрбиесі – қызға үлгі, әке тәрбиесі – ұлға үлгі. Ана – ақылшын, әке – қамқоршын, ағаң – қорғаушын, інің – сүйенішін, қарындасың – қанатың екенін ұмытпа. Ананы сыйламағанның ақылы кем, әкені сыйламағанның жақыны кем. Ананың мейірімі көзінде, ықыласы көңілінде, ақылы сөзінде, - депті қарт.</p>								
<p><b>7-слайд.</b> Ойын.</p>	<p><b>2-денгей.</b> Көп нүктенің орнына дұрыс жалғау қойып, жаз. 1. Сенің әке... мен ана... саған өмір берді. 2. Олар сенің бақыт... үшін өмір сүреді. 3. Ата-ана..... мақтан тұт! 4. Солардың денсаулығы..., тыныштығы... сақта. 5. Әрқашанда ата-ана..... сыйла, ешқашан ренжітпе. Бұл – сенің міндет...</p>								

	<p><b>3-деңгей.</b> Сөзге фонетикалық талдау жаса: ата, әже, әке, ана, бала. Өз отбасың туралы жазып бер.</p> <p><b>1-тапсырма:</b> Отбасы, ата-ана, бала туралы мақал-мәтелдерді айтып бер. Бір мақалдың мәнін түсіндіріп бер.</p> <p><b>2-тапсырма:</b> Мына сөздердің синонимдерін жазыңдар:  әке-шеше, ана, сыйлау, сүйіспеншілік, болашақ. Осы сөздермен сөйлем құрастырып жаз.  - Балалар, қалай ойлайсыңдар, осы жұмыстың мақсаты қандай?</p>
<p><b>8-слайд.</b> Топтар арасындағы постермен оларды қорғау (презентация)</p> <p><b>9-слайд.</b> Сабақты қорытындылау:</p>	<p><b>«Жалғасын тап» ойыны:</b>  Жалпы тапсырма: Мақал-мәтелдерді толықтырамыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әке – асқар тау... (ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ).</li> <li>2. Ананың көңілі балада... (баланың көңілі далада).</li> <li>3. Ұядан не көрсе... ( ұшқанда соны ілерсің).</li> <li>4. Жеті атасын білмеген... (жетімдіктің белгісі).</li> <li>5. Әкеге қарап ұл өсер... (анаға қарап қыз өсер).</li> <li>6. Әдепті бала-арлы бала... (әдепсіз бала-сорлы бала).</li> <li>7. Атаңа не қылсаң... (алдына сол келер).</li> <li>8. Кәріге құрмет – ... (балаға міндет).</li> <li>9. Балалы үй – базар... (баласыз үй – қу мазар).</li> <li>10. Әке – балаға... (сыншы).</li> </ol>
<p><b>10-слайд.</b> Үйге тапсырма беру:</p> <p>Формативтік бағалау:</p> <p>Рефлексия:</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ата тобы: Отбасында атаның орны қандай?</li> <li>2. Әже тобы: Отбасында әженің орны қандай?</li> <li>3. Әке тобы: Отбасында әкенің орны қандай?</li> <li>4. Ана тобы: Отбасында ананың орны қандай?</li> <li>5. Бала тобы: Отбасында баланың орны қандай?</li> </ol> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сабағымыздың тақырыбы қандай болды?</li> <li>2. Бүгінгі сабақта не білдіңдер?</li> <li>3. Сабақта не істедік?</li> <li>4. Не үйрендіңдер?</li> <li>5. Үлкен кісілерді не істеу керек? (құрметтеуіміз керек, сыйлауымыз керек).</li> </ol> <p>Бүгінгі мәліметтерді пайдаланып, отбасы туралы шағын эссе жазу.</p>

	<p>Бағалау (формативтік бағадан сумативтік бағасын шығару).  Топтарда бір-бірін өзара бағалау.  Топ басшылары топтағы оқушыларға баға қояды.  (Стикер таратамын)  - Не білдім?  - Қай тапсырмаларда қиыншылықтар болды?  - Не ұнады?  - Сабақ аяқталды.  - Сау болыңдар.</p>
--	--



**Эльмира КАРИМОВА,**  
**Батыс Қазақстан облысының**  
**Орал қаласындағы**  
**А.С.Макаренко атындағы**  
**№6 жалпы орта білім**  
**беретін мектептің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – жаңа тақырып бойынша оқушылардың білімдерін кеңейту, сурет бойынша шағын әңгіме, сұхбат құрастыруға дағдыландыру, грамматикалық тақырыпты пысықтау; **дамытушылық** – сөздік қорларын байыту, өз ойларын еркін, әрі жүйелі түрде жеткізуге машықтандыру, оқушылардың ой-өрісін,

шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды әдептілікке, өздерінің денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу, этикеттік орамдарды ұстануға баулу.

**Түрі:** дәстүрлі сабақ.

**Сабақтың өту барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі:**

1. Амандасу.

2. Түгелдеу.

3. Сабақтың психологиялық ахуалын қалыптастыру.

«Шаттық шеңбер» ойыны. Оқушылар келген қонақтарға өздерін таныстырады, бір-біріне тілек айтады.

**Үй тапсырмасын тексеру:** сөйлесу, ереже.

**Үй тапсырмасын бекіту сұрақтары:**

- Сендер асханадан жиі тамақтанасыздар ма?

- Асхана асы сендерге ұнайды ма?

- Асқа-тағамға байланысты қандай мақал-мәтел білесіңдер?

**Жаңа сабақ:** Сабақтың тақырыбы, мақсаты айтылады.

Сабақтың эпиграфы ретінде Ежелгі грек данышпаны Сократтың «**Біз тамақ ішу үшін өмір сүрмейміз, қайта өмір сүру үшін тамақ ішеміз**» деген нақыл сөзі алынды.

**«Миға шабуыл» стратегиясы**

- Бұл нақыл сөзді қалай түсінесіңдер?

- Балалар, тиімді тамақтанудың қандай ұсыныстарын білесіңдер?

- Қандай гигиеналық талаптарды ұстану қажет?

**Мұғалімнің кіріспе әңгімесі.**

**Сөздікпен жұмыс:**

1. Жаңа сөздермен танысу.

2. Сөз тіркесін, сөйлем құрастыру.

3. Жаңа сөздердің қай сөз табына жататынын анықтау.

**Мәтінмен жұмыс:**

1. Мәтінмен танысу;

2. Сұрақ-жауап;

3. Мәтіннің мазмұнын айту.

**Мәтін бойынша деңгейлік тапсырмаларды орындау.**

**ІІІ деңгей.** Берілген сөздерге фонетикалық талдау жаса.

Асхана, үлкен.

**ІІ деңгей.** Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлем құр.

Даяшы, мәзір, тапсырыс, мектеп, асхана, сорпа.

**І деңгей.** Берілген тағам түрлеріне сипаттама беріп, бір тағам туралы әңгімеле.

Салқын тағамдар:

Ыстық тағамдар:

Сүт тағамдары:

**І деңгей.** Мәтін бойынша сөйлесу құрастыру.

**І деңгей.** Сурет бойынша шағын әңгіме құрастыру.

**Грамматикалық тақырып: Жай сөйлемнің түрлерін қайталау, ережені еске түсіру.**

**Жаттығу жұмысы: Синтаксистік талдау жасау.**

Біздің мектепте үлкен асхана бар.

Біз екі мезгіл осы асханадан тамақтанамыз.

Асхананың іші таза, жарық, кең.

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтанумен байланысты.

### Бекіту: 1. «Синквейн» стратегиясы.

1. Ас.
2. Дәмді, ыстық.
3. Дайындайды, сатады, ішеміз.
4. Анам тамақты дәмді дайындайды.
5. Тағам.

### 2. Рефлексия.

#### Бағалау.

Үйге: «Ас – адамның арқауы» тақырыбына эссе жазу.



Балдырған ЖАЛПАҚОВА,  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Қостанай облысы,  
Жігітқара қаласы.

## МЫҢ БІР МАҚАЛ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – қазақтың мақал-мәтелдерінің мағынасын түсіндіру, өмірде қолданылатын орнын атап айту; **дамытушылық** – мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін ашу, оқушылардың тілін жаттықтыру, мәнерлі сөйлеуге үйрету, сөздік қорларын нығайту; **тәрбиелік** –

оқушыларды тәртіптілікке, ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

**Типі:** сыныппен жұмыс. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдістері:** сұрақ-жауап, жазу, іздену, ойлану, мәнерлеп оқу, практикалық жұмыс. **Көрнекілігі:** компьютер (слайдтар), интерактивтік тақта, мақал-мәтелдер, тірек-сызба, сканворд, домбыра, фразеологизмдер, суреттер. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, ағылшын тілі.

**Сабақтың ұраны:** «Жүздің көркі – сақал, Сөздің көркі – мақал».

**Психологиялық дайындық:** Мақсатымыз: білім алу. Міндетіміз: еңбектену, “5”-ке қолды жеткізу.

#### Сабақтың барысы:

##### I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен сәлемдесу.
2. Оқушылардың сабаққа әзірлігін тексеру.

##### II. Жаңа сабаққа кіріспе.

**Мұғалім сөзі:** - Сонау ықылым заманнан, сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, екшеліп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі – қазақтың мақал-мәтелдері.

Бүгінгі сабақта қазақтың халық ауыз әдебиетіндегі маржан сөздерімен танысайық!

(1-слайд ашылады): Мың бір мақал.

(2-слайд ашылады): Сабақтың мақсаты: ...

(3-слайд ашылады).

**Мұғалім сөзі:** - Құлақтан құлаққа сіңіп, ауыздан ауызға жеткен мақал-мәтелдер тілдің көркем бір үлгісі, халық шығармашылығының жетістігі.

### Мұғалім сөзі:

- «Жүздің көркі – сақал,

Сөздің көркі – мақал» деп халық бекер айтпаса керек-ті. Бүгінгі тақырыпты жақсы меңгеру үшін психологиялық дайындық жасайық!

(4-слайд ашылады).

Психологиялық дайындық:

*Мақсатымыз: білім алу,*


*Міндетіміз: еңбектену,*

*“5”-ке қолды жеткізу.*

**III. Тірек-сызба бойынша жұмыс** (5-слайд ашылады).

«Мағынасыз сөз болмайды, мақалсыз ел болмайды».

**Мұғалім сөзі:** - Ойды ұштап, мақал-мәтелдер қайтадан рухани серігімізге айналды.



1. Мақал-мәтелдер әдебиеттің қай түріне жатады?

2. Олар ненің даналығы?

3. Мақал-мәтелдерде не сезіледі?

4. Олардың тілі, көлемі қандай?

5. Мақал-мәтелдер ненің айнасы болып табылады?

**Мұғалім сөзі:** - Тегінде мақал-мәтелдер қай халықтың да жан-дүниесінің, мінез-бітімінің, тыныс-тірлігінің айнасы. Өйткені қазақтың мақал-мәтелдерінің айтары: өсиет, ұлағат, тәлім, парасат, ізгілік.

**IV. Мақал-мәтелдердің тақырыптарын жазындар.**

(6-слайд ашылады, кластерді толтыру)

**Мұғалім сөзі:** - Дастан, хиссаларға қарағанда мақал-мәтелдердің ерекше қасиеті: көлемінің шағындығы, мазмұнының кеңдігі, тілінің өткірлігі, мағынасының тереңдігі.

**МАҚАЛДАРДЫ ЖАҚСЫ БІЛЕЙІК,  
ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА КІРСЕЙІК.**

**V. Практикалық жұмыс.**

(7-слайд ашылады, интерактивтік тақтада жұмыс өткізіледі).

1-тапсырма: тірек-сөздерді пайдаланып, мақалдарды айтып жазындар: туса-жауса, құтты-тәтті, шешен-батыр, сулы-нулы, жеті-бір, көз-қол, көріп-өсер.

2-тапсырма: суреттерге қарап, мақалдарды еске түсіріңдер.

3. Тапсырма: мақалдарды аяқтаңдар.

1. *Жері байдың – ... ..*

2. *Жер – ... Су – ... Мал – ...*



3. *Өнер алды – ... .*
4. *Ананың сүті – бал, ... .. - ...*
5. *Оқу инемен – ... ..*
6. *Отансыз адам – ... ..*

**Мұғалім сөзі:**

- «Мақал қайдан шығады, ой болмаса,

Киіз қайдан шығады, қой болмаса».

Келесі жұмысты орындайық!

**VI. Мәтінмен жұмыс** (8-слайд ашылады).

“Алты түлкі” деген мәтінді оқып, аударып, мазмұнын түсініп, мақал шығарыңдар. *Ертеде алты түлкі жолдас болыпты. Біреуінің құйрығы шолақ екен. Құйрығы ұзын бес түлкі: - «Сенің құйрығың жоқ»-деп келеке қылып, күле беріпті. Сол уақытта шолақ түлкі «осы бес түлкінің де құйрықтарын шолақ етіп қояйын» деп ойлап, бес түлкіге айтыпты: - «Біз бір жақсы ойын ойнайық»- деп түлкілерді алып келіп, қарагайға байлап қойып, өзі бір биік таудың басына шығып, түлкілерге: - «Мына жақта бүркіттер келе жатыр»,- деп өзі қаша жөнеледі. Сонда бес түлкі қашамыз деп құйрықтарын үзіп, бәрі де шолақ болып қалады. Бесеуі бірдей шолақ болғаннан кейін ешкім мазақ етіп, күлмейтін болыпты.*

(Күлме досыңа, келер басыңа)

(9-слайд ашылады).

**Мұғалім сөзі:** - Достық туралы тағы қандай мақалдарды білесіңдер, жазыңдар (Интерактивтік тақтада). Мағынасын түсіндіріңдер.

**VII. Қазіргі кезде бірнеше тіл білу – заманның талабы. Мақалдарды 3 тілде айтыңдар.**

1. A cat in glove catches no mice. Без труда не вытацишь рыбку из пруда. Еңбегіне қарай – өнбегі.

2. Better late than never. Лучше поздно, чем никогда. Ештен кеш артық.

3. A stitch in time saves mine. Минута час бережет. Өнімді іс – ырыс.

4. All is not gold that glitters. Не все то золото, что блестит. Жылтырағанның бәрі алтын емес.

5. Live and learn – Век живи, век учись. Өлгеніңше үйрен.

6. Appearance are deceitful. Встречают по одежке, провожают по уму. Мал аласы – сыртында, Адам аласы – ішінде.

7. A bird in the hand is worth two in the bush. Лучше синица в руках, чем журавль в небе. Ортақ өгізден оңаша бұзау артық (Оқушылар дайындаған мақалдарын 3 тілде айтады).

**VIII. Сергіту сәті. Ал, енді ойнайық, бірақ жұмысты да ойлайық** (10-слайд ашылады).

Сканвордты шешіп, жасырын мақалды оқып, мағынасын түсіндіріңдер. (Білім – таусылмас кен).

**IX. Бекіту. Тест «Мақал-мәтелдер».**

1. «Оқу – білім бұлағы, ... – өмір шырағы».

а) білім;            ә) өнер;            в) ғылым.

2. «Отан – ... да ыстық».

а) күннен;        ә) оттан;        в) жерден.

3. «Отансыз адам – ормансыз ...».

а) торғай;        ә) бұлбұл;        в) ағаш.

4. «Оқу – ... құдық қазғандай».  
а) күрекпен; ә) қолмен; в) инемен.
5. «Батамен ел көгерер, жаңбырмен ... көгерер».  
а) ел; ә) жер; в) шөп.
6. «Туған жердей жер ..., туған елдей ел ...».  
а) болар; ә) болады; в) болмас.
7. «Ақыл азбайды, ... тозбайды».  
а) көйлек; ә) кітап; в) білім.
8. « ... – ердің қанаты».  
а) ат; ә) ұшак; в) сұңқар.
9. «Аз сөз – ..., көп сөз – күміс».  
а) қола; ә) мыс; в) алтын.
10. « ... көпті жау алмайды».  
а) досы; ә) қасы; в) малы.
11. «Жеті жұрттың ... біл, жеті түрлі білім біл».  
а) дінін; ә) тілін; в) елін.

#### **X. Қорытындылау.**

(11-слайд ашылады).

**«Ақыл көпке жеткізер, Өнер көкке жеткізер».**

Өнер туралы мақал-мәтелдерді айтыңдар (Слайдта өнерлі оқушылардың суреттері берілген).

«Өнерлі бала сүйкімді» деген осы (Оқушылар домбыра тартады, ән айтады).

**Мұғалім сөзі:** - «Сөздің көркі – мақал» деп тегін айтылмаған. Мақал-мәтелдерді адам баласы өзі айтайын деген оймен орайластырып, орынды қолданса, сөзі өткір, көңілге қонымды, көркем әрі бейнелі болады. Мақал-мәтелдер аз сөзбен терең мазмұнды ойды бере алады.

Сонымен сабақ аяқталды. Білімдерің көбее берсін! Тілдерің көркее берсін!

Өйткені “Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ” дейді қазақ мақалы.

Сабақтың бағалары.

**XI. Үйге тапсырма.** Мақалдарды есте сақтау, бір мақалға әссе жазу.



**Гүлбаршын НЫСАНОВА,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**орта мектептің**  
**қазақ тілі пәнінің мұғалімі.**  
Атырау облысы,  
Құрманғазы ауданы,  
Ганюшкин ауылы.

## **ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР**

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – ұлттық ойындар тақырыбына байланысты мағлұмат беру. Етістік туралы түсінік беру; **дамытушылық** – қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын арқылы сабаққа деген қызығушылықтарын ояту; **тәрбиелік** – қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу арқылы оқушыларды басқа ұлттың салт дәстүрін, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімінің қалыптасуына ықпал ету, ұлттық ойындар ерекшелігін ұқтыру.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** топтастыру әдісі, сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойындар. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, тапсырмаға байланысты флипчарттар, асықтар, ұлттық ойындар суреттері.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**


**II. Үй тапсырмасын тексеру.** Ой қозғау.

**Сұрақ-жауап:**

1. Спорт нешеге бөлінеді? (Әуесқой, кәсіпқой)
2. Әлемге танылған қазақтың спортшыларын атаңдар (С.Қонақбаев, Ж.Үшкөмпіров, Д.Тұрлыханов, Б.Саттарханов, Е.Ибраимов).
3. Саған спорттың қандай түрі ұнайды?
4. Спорттың қай түрімен шұғылданасың?
5. Мектебімізде спорттың қандай түрлерінен секциялар жұмыс істейді?
6. Топтастыру.



**III. Жаңа сабақ.** Ребус шешу. Сабақтың тақырыбын ребус шешу арқылы анықтау.



Қандай сөз шықты?

Төрт түлікке нелер жатады?

1. Интерактивті тақтада оқушылар төрт түлікті атайды?
2. Малдың төлдерін тақта мүмкіндігін пайдалана отырып тиісті жерге апарады.
3. Ұлттық ойындар туралы көрсету, түсінік беру. Жаңа сөздермен танысу.

**IV. Сөздік жұмыс.**

а) жаңа сөздер:

*тұрмыс – быт;*

*салт-дәстүр – обычай;*

*көбінесе – многие, в основном;*

*сүйек – кость;*

*құмалақ – овечьи катышки;*

*асық – альчик;*

*тобық – лодыжка;*

*байланысты – связано.*

ә) сөздердің дұрыс дыбысталуына көңіл бөлу;

б) сөздермен сөз тіркестерін, сөйлем құру.

Электронды оқулықпен жұмыс.

**V. 5-сынып. 5-модуль.** Спорт. Оқылым. Тыңдаймыз. Оқимыз. Жазамыз.

**VI. Оқулықпен жұмыс. 2-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқындар. Сұрақтарға жауап беріндер.

## Ұлттық ойындар

Қазақ халқының тұрмысы, салт-дәстүрі, ойындары көбінесе төрт түлік малмен байланысты болды. Олар ойынға мал сүйегін, қой құмалағын пайдаланды. Мысалы, мынадай ұлттық ойын түрлері бар: «Асық», «Ақсүйек», «Тобық», «Ханталапай», «Тоғызқұмалақ».

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Мәтіндегі сөйлемдерге сұрақ қою.

1. Қазақ халқының тұрмысы, салт-дәстүрі, ойындары немен байланысты?

2. Олар жануарлардың нелерін пайдаланды?

3. Ұлттық ойындардың қандай түрлері бар?

Грамматикалық тақырыпты түсіндіру.

Сөз табы	Сұрақтары	Құрамына қарай
Етістік	Не істеді? Не қылды? Қайтті?	1. Дара: отыр, тұр, оқы. 2. Күрделі: оқып отыр, айтып тұр.

Заттың қимылын, әрекетін білдіретін сөздерді етістік деп атайды. Етістік не істеді? не қылды? қайтті? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: Ат шапты. Жаңбыр жауды. Оқушылар оқып отыр.

Етістік сөйлемде баяндауыш болады.

- Балалар, қазір біз ұлттық ойындар ойнау арқылы бүгінгі сабақтан алған білімдерімізді бекітеміз. Ұлттық ойындар атауын есімізге сақтай отырайық.

### VII. Ұлттық ойындарды ойнау.

#### 1. «Көкпар» (Білім тартысы) ойынын ойнау.

Шашыраңқы сөздерден сөйлемдер құрау тапсырмасы беріледі.

1) Асан, ойнады, жазда, асық.

2) Наурыз, ұлдар, мейрамында, тартысты, арқан.

3) Ауылда, басталады, жарысы, ат.

4) Асық, ойыны, ұнайды, маған.

5) Арман, «Тоғызқұмалақ», орын, бірінші, ойынынан, алды.

6) Ақсүйек, ойналады, кешке, ойыны.

Сергіту: «Арқан тартыс».

2. «Асық» ойыны. Бұл ойын ұпай жүйесімен жүргізіледі. 1.2.3 сандары таңбаланған. Асықтарды иіріп, сұрақ таңдап алу керек.

Сұрақтар:

1. Фонетика нені зерттейді?

1. Қазақ әліпбиінде неше әріп бар? (42 әріп)

1. Буын түрлерін атаңыздар (ашық, тұйық, бітеу)

2. Ашық дауыстыларды атап беріңіздер (а, ә, о, ө, е, э)

2. Қазақ тілінде еріндік дауыссыздар нешеу? (5-еу, о, ө, ұ, ү, у)

2. Әдемі сөзіне синонимдік қатар құрыңыздар (әдемі, сұлу, көркем, керемет).

3. Күн, жылы, үлкен сөздерінің антонимін табыңыздар (күн – түн, суық – жылы, кіші – үлкен).

3. Зат есім дегеніміз не? (заттың атын білдіріп кім? не? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы).

3. Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді? (қандай? қай?)

1. Қазақ тілінде неше септік бар? (7).

3. «Асық» сөзіне фонетикалық талдау жасаңыз.

3. Бес жолды өлең стратегиясы. “Ұлттық ойындар”

2. «Балалар» сөзін септеу.

2. Дара және күрделі етістікке мысал келтіріңіздер.

Бәйге сайыста ұлттық ойындарға байланысты сұрақтар қойылады.

1) . . . – екі балуан бір-бірімен жекпе-жекке шығады. Жеңген жеңімпаз атанады. (қазақша күрес)

2) . . . ойын тақ сандар мен жұп сандардың өзара тартысына құралған. (тоғызқұмалақ)

3) ... – ертеден келе жатқан ойындардың бірі. Алаң ортасынан көлденең сызық сызылады. Ойынға ұзын жіп немесе арқан керек. (арқан тарту)

4) . . . – қазақтың ертеден келе жатқан ойын түрлерінің бірі. Бұл –елдің сыртында әткеншек құрып, өлең айтылады.(алтыбақан)

5) . . . – ойынға 4-5 бала қатысады. Ойынға он асық алынады. (ханталапай)

6) . . . – шауып келе жатқан атың үстінен белгіленген затты дәл көздеп, атып түсіру (жамбы ату)

7) ... – белгіленген ара қашықтықта үш-төрт жерге шүберекке оралып күміс немесе теңге тасталынады. Шабандоздар шауып келе жатып, шүберекті алу керек. (теңге алу)

8) . . . – ашық алаңда, көгалды жерде ойналатын ойын. Ойынға белгіленген уақыт ішінде аттың үстіндегі екі жігіт бір-бірін аттың үстінен түсірулері керек. (аударыспақ)

9) . . . – қызықты ойындардың бірі. Қыз бен жігіт аттың үстінде отырып, бірін-бірі қуысады. (қыз қуу)

**VII. Қорытынды. Топтастыру.** Қазақтың ұлттық ойындары қандай қасиеттерді қажет етеді?

**VIII. Үйге тапсырма:** Ұлттық ойындардың бір түрін әңгімелеп келу.

### IX. Бағалау.

Бағалау бетшесі

р/с	Оқушының Аты-жөні	I кезең Ой қозғау	II. Топтастыру.	III. Ребус.	IV. Жаңа сабақ.	V. Көкпар.	VI. Асық ойыны.	VII. Сұрақ-жауап.	VIII. Топтастыру.	Жинаған ұпай	Баға
		5 ұпай	1 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай	5 ұпай		

35-30 – «5», 30-25 – «4», 25-15 – «3».



**Зухра АЛДАБЕРГЕНОВА,**

**Г.Н.Ковтунов атындағы**

**№252 орта мектептің**

**қазақ тілі мен әдебиеті**

**пәнінің мұғалімі.**

Қызылорда облысы,

Шиелі ауданы.

## ЖЕТІ АТА

**Сабақ мақсаты:** білімділік – өз елін, жерін қадірлеуге, үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетіп,

жеті атасын білуге баулу; **дамытушылық** – сөздік қорын байытып, зейінін тұрақтандырып, ойлану, салыстыру қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – ата-баба аруағына тәу етіп, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Түрі:** дәстүрлі. **Әдісі:** сұрақ-жауап, сұхбаттасу. **Сабақты дидактикалық материалдармен қамту:** слайд, қосымша материалдар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, тарих.

### Сабақ барысы.

#### I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу.
2. Сабақта жұмыс істеуге жағдай жасау.
3. Психологиялық тұрғыдан қарым-қатынасқа дайындау.
4. Сабаққа дайындықты тексеру.
5. Оқушы назарын ұйымдастыру.
6. Сабақтың жалпы мақсаты мен оны жүргізу жоспарын ашу.

#### II. Үй тапсырмасын тексеру:

Оқулықтың 64-бетіндегі 4-тапсырма. Мақалдарды жазу.

Топқа бөліп постер қорғау.

#### III. Жаңа материалды зерделеу.

Киелі сан жеті деген,  
Байланысты жетіменен.  
Көп ұғымы халқымыздың  
Белгісіндей салтымыздың  
Жеті қабат көк жер үсті  
Жеті қабат жер асты.  
Жеті Жарғы-заң жеті

Қазынамыз бар жеті.

Жеті ағамыз-жеті жұрт,

Ағайынды жеті құт. (Е.Өтетілеуов)

**Сабақтың тақырыбы:** Жеті ата. Талғаулықты салалас құрмалас сөйлем.

### Талғаулықты салалас құрмалас сөйлем



Не, немесе, я, яки,  
не болмаса, әйтпесе,  
әлде

Жексенбіде атамның  
үйіне барамын  
немесе үйде сабаққа  
дайындаламын.

**8-тапсырма.** Сол жақтағы бағанадан сөйлемнің логикалық жалғасын тауып, талғаулықты салалас құрмалас сөйлемдердің астын сызыңдар.

Жеті атаны үйрету  
әке-шешенің

жетесіз боп өтесің.

Жеті атаңды білмесең,

не болмаса  
ата-әженің борышы.

Не әке-шешең

я жиенім отырар.

Бұл жерге я нағашым,

немесе жақын туысың  
келсін.

**Сергіту сәті.** «Қызыл өрік».

**Видеоролик:** «Әке мен бала».

«Жеті атасын білген ұл,

Жеті жұрттың қамын жер.

Жеті атасын білмеген,

Құлағы мен жағын жер», – деген жүйелі сөз көп мағынаны білдіреді.

Жеті ата – бір кісіден  
тараған аталас қауым.

1. Әке.
2. Бала.
3. Немере.
4. Шөбере.
5. Шөпшек.
6. Немене.
7. Туажат.

### **Мәтінмен жұмыс.**

Өз ұрпағына жеті атасын үйрету – атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі екені баршаға аян. Мұның қандастық жағынан алғанда үлгі боларлық зор қызметі мен маңызын халқымыз ерте түсінген және оны берік ұстанып келген. Енді осы қағиданың терең тамырына көз жіберіп көрейік.

*Біріншіден*, ата-бабамыз туыстық, ағайындық бірлікті, ынтымақты ұстана отырып, бір ауыл, бір бауыр болып өмір сүрген. Бір рудың адамдары осы күнге дейін бір жерді мекендеп келе жатыр.

*Екіншіден*, жеті атаға дейінгі туыс-туғандардың тұрмыс-тіршілігі де, күнкөрісі де, тұрған жер, суы да, өріс, қоныс, жайлауы да қысы-жазы қатар немесе бірге болады. Қиындықта бір-біріне демеуші, қамқоршы-пана, қуанышты да, реніш-қайғыны да бірге көтеріп бөліседі. «Туысы бірдің – уысы бір» деген сөз осыдан шыққан.

*Үшіншіден*, бір атадан тараған туыстар мен жас ұрпақтар бірін-бірі жақсы таниды. Ағалы-інілі, апалы-сіңілі дегендей, сыйластықта, бауырмалдықта

бірге өседі. Мұндай туыс-туған, жақын-жуықтар арасында орынсыз жанжал, ұрлық-қарлық, барымта, зорлық-зомбылық сияқты жат істер болмайды. Өйткені тәртіп бойынша туыстар бір-бірінің малын ұрламайды. Керісінше, сырттай қамқоршы болып, жақын-жуықтарының мал-жанына көз салып жүреді. Әкелер мен аналар бір кіндіктен шыққан перзенттерін ел, ру намысын қорғайтын ержүрек, қайырымды, қаншыл, ұйымшыл, бауырмал етіп тәрбиелейді.

### **Сөздікпен жұмыс:**

*Ата – дедушка;*

*Әже – бабушка;*

*Нағашы – родственники по линии матери;*

*Жиен – племянник, племянница по женской линии;*

*Немере – внук;*

*Шөбере – правнук;*

*Туыстар – родственники;*

*Дәстүр, салт, әдет-ғұрып – обычаи и обряды, традиция.*

### **Оқулықпен жұмыс.**

*5-тапсырма.* Оқулықтың 64-бетіндегі 5-тапсырма, сұхбатты толықтыр.

### **IV. Үй тапсырмасы туралы ақпарат беру:**

Талғаулықты салалас құрмалас сөйлем ережесін жаттау.

9-тапсырма. Мақалдарды оқып, жаттап алу.

### **V. Қорытындылау.**

### **VI. Бағалау.**

### **Өзін-өзі бағалау.**

Роза ОТАРБАЕВА,  
Белағаш мектеп-бақшасының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Ақмола облысы,  
Жақсы ауданы.

## ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – оқушыларды қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, берілген сөз тіркестермен сөйлем құруға үйрету. Мемлекеттік тілді меңгерту арқылы сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Жаңа тақырыпты басқа пәндермен байланыстыра отырып жүргізу (ән сабағымен), мәтіндегі негізгі ойды анықтау; **дамытушылық** – халқымыздың мұрасы мен өнерін оқушы бойына сіңіре отырып, (музыкаға) оқушылардың бойында туған музыка әуеніне деген сүйіспеншілік сезімдерінің қалыптасуына ықпал ету; **тәрбиелік** – қазақ ән-күйінің сырын терең түсіне білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топпен, түсіндіру, ойландыру, интерактивтік жұмыс деңгейлік әдістерін қолдану. **Көрнекіліктер:** портрет, музыка, көртішкелер, слайдтар.

**Сабақ барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

1. Әнұран;
2. Психологиялық жағдаят.

Бір-бірімізге тірекпіз,  
Бірге соққан жүрекпіз.  
Аламыз білім жақсығып,  
Тілейміз біз сәттілік.  
3. Кезекшімен әңгіме.

**II. Үй тапсырмасын тексеру:**

- Балалар, өткен сабақта біз дүние жүзіне әйгілі болған әнші Әміре Қашаубаевпен, сазгер Нұрғиса Тілендиевтің өнер жолдарымен, өмірбаянымен танысқанбыз. Үй тапсырмасы осы тақырыптарға реферат жазып келу және оны қорғау және өнер туралы мақал – мәтелдер жаттап келу болған.

**III. Жаңа тақырып:**

- Ал, енді, балалар, бүгінгі сабағымыздың төрінде кең даланы әнімен баураған, ән жанрында аты шыққан халық әртісі, сазгер – Шәмші Қалдаяқов. Оның әндерінсіз ешбір мереке де, ешбір той-думан да өтпейді. Оның әндерін еңбектеген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін шырқайды. Ал «Шәмші аға» деген сөз «Ән аға» деген сөзбен тұтасып, синоним болып кеткелі қашан...

Шәмші Қалдаяқовтың атақты «Менің Қазақстаным» әні әнұранға айналды.

**IV.** - Балалар, бүгін сабақта біз Шәмші Қалдаяқовтың өнер жолымен танысамыз. Мәтін оқимыз, диалог құрастырамыз, грамматикалық тапсырмалар орындаймыз.

**V. Эпиграф.**

– Ал, эпиграф ретінде мен мынадай сөзді алдым:  
**«Өнерлі өрге озар».**

**VI. Сөздік жұмыс.**



- Балалар, мәтінмен жұмыс жүргізер алдында жаңа сөздермен танысамыз.

### Жаңа сөздер:

*сазгер – композитор;*

*саз – мелодия;*

*туған ел – народ;*

*байытты – обогатили;*

*сіңіріп – впитывая;*

*ұялатады – вселяет.*

### VII. Мәтінмен жұмыс.

- мәтінді оқу;

- мәтінді іштен оқу;

- тізбектеп оқып аудару;

- бір-біріне сұрақ қою.

### VIII. Диалог құру.

- Балалар, осы мәтін бойынша диалог құрастыру керек.

### IX. Тақтамен жұмыс.

- Енді, балалар, дәптерлеріңді ашып, бүгінгі күнді дәптерлеріңе жазыңдар.

2-тапсырманы орындаймыз. Сөйлемдерді көшіріп, синтаксистік талдау жасаймыз.

Халық ішінде әншілер де, сазгерлер де көп болады.

Шәмші Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданында туған.

Ол жас кезінен-ақ тамаша әндер шығара бастайды.

### X. Өздік жұмыс. Жүппен жұмыс.

3-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтап, оқшау сөздерге талдау жасаңдар. (оқулық бойынша 111-бет, бір-бірлеріңмен дәптерлеріңді алмасып, тексеріңдер).

### XI. Деңгейлік тапсырма. Кәртiшкемен жұмыс.

- Енді, деңгейлік тапсырмаларды орындаймыз.

### III деңгей. Шәмші сөзін септеу.

II деңгей. Ән, әнші сөздерімен тіркесе алатын сын есімдерді жалғап, сөз тіркестерін құрастырыңдар.

### I деңгей.

Ұлы, сирек, жұмсақ сөздерімен сөйлемдер құрастырыңдар.

### XII. Дұрыс, бұрыс ойыны.

№	Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1.	Әміренің дауысы – қайталана бермейтін құбылыс.		
2.	Әміренің домбырасы саз аспаптары мұражайында сақталмаған.		
3.	Нұрғисаның әндері мен күйлері әлем музыканттарын таңдандырған жоқ.		
4.	Сазгер Нұрғиса Тілендиев «Халық Қаһарманы» атағын алды.		
5.	Шәмші Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм ауданында туған.		
6.	Оның әндері қазақ эстрада музыкасын байытты.		

### XIII. Тест сауалдары.

1. Парижде, Франкфуртте кім ән шырқады?

а) Әміре Қашаубаев;

ә) Нұрғиса Тілендиев;

б) Шәмші Қалдаяқов.

2. Дұрыс аяқта. «Ата өнері – балаға ...»

а) өсиет;

ә) намыс;

б) мұра.

3. Әміре Қашаубаев қай жерде дүниеге келді?

а) Абыралы;

ә) Астана;

- б) Түркістан.
4. «Сазгер» сөзінің дұрыс баламасын көрсет:
- а) писатель;  
ә) композитор;  
б) певец.
5. «Қаһарман» деген сөз қандай ұғымды білдіреді?
- а) батыр, ержүрек;  
ә) әділ, хан;  
б) ақылды, әдепті.
6. «Аққу» күйін кім жазды?
- а) Әміре Қашаубаев;  
ә) Нұрғиса Тілендиев;  
б) Шәмші Қалдаяқов.
7. Нұрғиса Тілендиев жазған әнді көрсет:
- а) Менің Қазақстаным;  
ә) Ана туралы жыр;  
б) Құстар қайтып барады.

**Кілтi:**

1. а. 2. Б. 3. А. 4. Ә. 5. А. 6. Ә. 7. Б.

**XIV. Тексеру.**

**XV. Қорытындылау.**

- Бүгінгі сабақта біз Шәмші туралы мағлұмат алдық.

- Сонымен Шәмші кім?
- Ол қайда туды?
- Мұхтар Әуезов Шәмшіні қалай бағалаған?
- «Менің Қазақстаным» әні нешінші жылы әнұранға айналды?
- Әнұранның сөзін жазған кімдер?
- Жақсы, балалар, бүгін сендер жақсы жұмыс істедіңдер.

**XVI. Бағалау.**

**XVII. Үй тапсырмасы:** Шәмші Қалдаяқовтың «Ана туралы жыр» әнін жаттау.

**XVIII. Ән шашу.**

- Құрметті қонақтар! Сіздерге Белағаш ауылының жас әншісі, аудандық өнерпаздар байқауларының жеңімпазы – Женя Городов Шәмші ағамыздың «Әнім сен едің» әнін айтып береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ тілі. 8-сынып. Авторы: С.Дүйсебаев, Г.Байтілеуова, А.Қошқари, Г.Боранбаева.



Мереке АБДИГАЛИЕВА,  
Астана қаласындағы  
№1 мектеп-лицейдің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

**ҮКІМЕТ**

*(10-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың коммуникативтік дағдысы мен білігін қалыптастыру.

**Міндеттері: білімділік** – қазақ тілінде сауатты жазу, бір-бірімен тілдесу, түсінісу біліктерін

қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушыларды сауал қоя білуге, ауызекі сөйлеуге, баяндап айтуға үйрету. Сөздік қорын байытып, тілін дамыту; **тәрбиелік** – Отансүйгіштікке, елжандылыққа, парасаттылыққа, адамгершілікке, елге деген сүйіспеншілікке баулу. **Түрі:** дәстүрлі. **Типі:** аралас сабақ. **Әдісі:** әңгімелесу, жаттығу, оқулықпен жұмыс. **Көрнекілігі:** слайд, суреттер. **Оқыту формасы:** жеке-дара, жұпты.

### **Сабақтың барысы.**

#### **I. Ұйымдастыру кезеңі:**

1. Оқушылармен күнделікті сұхбат.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

- Балалар, ең біріншіден, грамматиканы пысықтап алайық. Құрмалас сөйлем дегеніміз не?

- Оның неше түрі бар?

- Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

Мағынасына қарай қандай түрлерге бөлінеді?

- Ал, енді лексикалық тақырыбымызға көшейік.

Үйге берілген лексикалық тақырып – Парламент.

Ой қозғау:

- Парламент қандай орган болып табылады?

- Депутаттардың сайлану тәртібі қалай жүзеге асырылады?

- Парламенттің негізгі қызметі не?

- Парламент кімнің алдында есеп береді?

- Үкіметті кім басқарады?

(Оқушылардың алдын ала берілген тапсырма бойынша жасаған тұсаукесеріне сөз берейік).

- Сонымен, балалар, сабағымыздың бүгінгі тақырыбы, өздеріңіз біліп отырғандай – Үкімет, ал сабағымыздың бүгінгі айдары:

*Атаның баласы болма, адамның баласы бол.*

### **II. Жаңа сабақ.**

#### **1. Лексика. Жаңа сөздермен танысу.**

*Үкімет*

*Жүзеге асыратын*

*Атқарушы органдар жүйесі*

*Келісімімен тағайындайды*

*Ұсынысы бойынша*

*Басшылық жасайды*

*Құрайды*

*Есеп береді*

*Президент тағайындайды*

*Қызметке тағайындайды*

*Қызметінен босатады*

*Өз өкілеттілігін тоқтатады*

*Таратады*

*Қайта ұйымдастырады*

- Сөздер мен сөз тіркестерін оқындар, аударындар.

- Осы берілген сөздер мен сөз тіркестерінен 3 сабақтас құрмалас сөйлем құрап, сөйлем мүшесіне талдаңдар.

**2. Тыңдалым. Мәтінді ұнтаспадан мұқият тыңдау.**

#### **3. Оқылым.**

Мәтінді тізбек бойынша мәнерлеп оқу.

**4. Мәтін бойынша 5 сұрақ дайындау.**

#### **5. Жазылым.**

3.2-тапсырма. 1-сөйлемді сөз құрамына талдау.

Үкімет – Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асыратын мемлекеттік орган, ол атқарушы органдар жүйесін басқарып, олардың қызметіне басшылық жасайды.

- Сонымен, балалар, үкімет құрамына қандай министрліктер жатады?

- Соның ішінде тоқталатынымыз, бізге жақыны – Білім министрі.

- Балалар, қазір біздің студияға Білім министрі қонаққа келеді. Сіздерді толғандырып жүрген өзекті мәселелеріңіз болса, сауал қоюға дайын болайық.

(Білім министрімен сұхбат)

#### **6. Айтылым.**

- Ия, балалар, сабағымыздың айдарында «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» дегенді қалай түсінеміз?

- Келесі тапсырма: Эссе жазу. Тақырыбымыз: «Егер де мен...» (яғни, Білім министрі болсам, не істер едім?)

#### **III. Сабақты қорытындылау. Рефлексия.**

- Балалар, сендер бүгін қандай ақпарат алдыңдар?

- Үкімет дегеніміз не?

- Үкіметті кім құрады?

- Премьер Министрді кім тағайындайды?

**IV. Үй тапсырмасы:** 1) жаңа сөз; 2) 3.2-тапсырма, 100-бет (әңгімелеу).

#### **V. Бағалау.**

**Зүбайра ЖАСЫБАЕВА,**  
Алматы қаласындағы  
№60 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **МАМАНДЫҚТАР**

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** қазақ тіліндегі мамандық атауларын меңгерту, еркін сөйлеуге баулу.

**Сабақтың міндеттері: білімділік** – оқушылардың мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдету, тақырып бойынша сөйлесім дағдыларын қалыптастыру, қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылым деңгейін жетілдіре түсу, қалау рай туралы түсінік беру, күнделікті өмірде пайдалануға дағдыландыру; **дамытушылық** – сөздік қорын молайту, түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін, тілін, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіру, топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – қазақ тілі сабағына деген қызығушылықтарын арттыру, еңбек етуге ынталандыру, білім алуға деген ықыластарын ояту.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, өзін-өзі тану. **Әдіс-тәсілдері:** «Ой қозғау», «Мағынаны ажырату», «Ой толғаныс» стратегиялары, сұрақ-жауап, ойын элементтері, түсіндіру,

әңгімелеу. **Көрнекілігі:** суреттер, интерактивті тақта, үлестірмелі қағаздар.

### **Сабақтың барысы:**

#### **I. Ұйымдастыру кезеңі:**

1. Оқушылармен сәлемдесу.
2. Оқушыларды түгелдеу.
3. Оқушылардың назарын сабаққа аудару:
  - а) Сендерде қазақ тілі аптасына неше рет болады?
  - ә) Бүгін аптаның қай күні?
  - б) Қазір нешінші сабақ?
  - в) Әр сабақ неше минуттан болады?

- Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше болмақ.

Сондықтан сабаққа белсенді, жұмыла қатысуларыңды сұраймын.

#### **II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі:**

- Балалар, өткен сабақтарда қандай тақырыпты өттік? (Менің отбасым)

- Ендеше, кім отбасы туралы айтады?

#### **III. Өткен сабақ пен жаңа сабақты сабақтастыру:**

- Балалар, кім отбасы туралы мақалдар біледі?

«Ой толғаныс» сатысы.

- Балалар, өз ата-аналарыңның мамандықтары туралы кім әңгімелеп береді?

Оқушылар ата-аналарының мамандықтарымен таныстырады.

- Жарайсыңдар, балалар, біз өткен тақырып бойынша білімдеріңді тексердік. Енді, жаңа тақырыпқа көшейік.

- Бүгінгі біздің жаңа тақырыбымыз «Мамандықтар» деп аталады. Сабақтың мақсаты – мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдету, тақырып

бойынша сөйлесім дағдыларын қалыптастыру, қалау рай туралы түсінік беру, күнделікті өмірде пайдалануға дағдыландыру.

Сөздік қорын молайту, түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың тілін, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіру, топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру.

#### **III. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі:**

**1. Кіріспе:** Әлемде 40 мыңға жуық әр түрлі мамандықтар бар. Мамандықтың барлық түрлері адамға қажет.

«Мамандық» сөзіне анықтама беру.

**Профессия** – латын сөзінен шыққан, “professio” – анықталған іс, мамандық дегенді білдіреді.

**Мамандық** – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Ал, өзекті мамандықтар қатарына жоғары технология, байланыс, коммуникация, әлеуметтік орта, экономиканы басқару мамандықтары және еңбек сұранысына қажетті жаңа мамандықтар жатады. Қоғамның дамуында мамандық иелерінен жоғары кәсіби біліктілікті, коммуникативтік қабілетті, еңбек етуге деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты, өз мамандығы бойынша біліктілігін арттыруға даяр болатын мамандық иесін талап етеді.

**Мамандық таңдау** – өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек.


Сондай-ақ өз мамандығының 10-20 жылға дейін өз сұранысын жоғалтпауына көңіл бөледі. Бұл мамандықтарға деген бірқалыпты тұрақты сұраныс деп аталады.

Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған мамандықтарға **дәрігер, мұғалім және құрылысшы** мамандықтарын жатқызуға болады.

- Балалар, сендер қандай мамандық атауларын білесіңдер?

Оқушылар атайды.

Тірек-схеманы интерактивті тақтада толтырады.



Осы сөздерді бір атаумен қалай атаймыз? Осы сөздердің ортақ атауы – МАМАНДЫҚ.

2. «Мағынаны ажырату» сатысы.

- Асты кім әзірлейді?
- Адамдарды кім емдейді?
- Шашты кім қияды?
- Балаларды кім оқытады?
- Үйлерді кім салады?
- Кітапты кім береді?
- Көлікті кім жүргізеді?

Интерактивті тақтада мамандықтар иесін слайдтар арқылы көрсету.

- Бұл кім?

3. *Ser gimu sәti.*

«Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны.

Дұрыс болса қол көтереді, бұрыс болса көтермейді.

Қойшы балаларды оқытып жүр.

Жүргізуші машина жүргізеді.

Аспазшы үй салып жүр.

Дәрігер адамдарды емдейді.

Тігінші әдемі киім тігеді.

Суретші сахнада ән айтып тұр.

- Жарайсыңдар, балалар! Енді мәтінмен жұмыс жасайық.

4. *Мәтінмен жұмыс.*

Мамандық

Әр түрлі мамандық бар. Олар: дәрігер, мұғалім, наубайшы, жүргізуші, егінші, шаштараз, кітапханашы, сатушы, аспаз және тағы басқа.

Мамандықтардың барлығы адамға керек. Әр мамандықтың өз ерекшелігі болады.

Дәрігер адамдарды емдейді.

Мұғалім балаларды оқытады.

Наубайшы нан пісіреді.

Жүргізуші машина жүргізеді.

Егінші егін егеді.

Шаштараз шаш қияды.

Кітапханашы кітап береді.

Аспаз тамақ даярлайды.

Барлық мамандықтар жақсы, қызықты. Әр адам өзіне ұнаған мамандықты таңдап алады.

5. **Тапсырмалар:**

А) Мәтінді мәнерлеп, тізбектеп оқу.

Ә) Мәтіннен төрт сұрақ шығару.

Б) Мәтіннің негізгі ойын тауып, қысқаша мазмұндау.

**IV. Жаңа материалды меңгеру дәрежесін тексеру кезеңі:**

**1. Суретпен жұмыс.**

Бұл кім? Ол не істейді? Үш тілде жауап беру.

Қазақша-орысша-ағылшынша

2. «Бір сөзбен айт» ойыны.

- қалам, сызғыш, күнделік, кітап, дәптер, қарындаш, өшіргіш – оқу құралдары;

- сатушы, дәрігер, мұғалім, құрылысшы, биші, аспаз, заңгер – мамандықтар;

- математика, қазақ тілі, тарих, орыс тілі, әдебиет, музыка – пәндер.

**IV. Жаңа материалды бекіту кезеңі:**

Қалау рай – сөйлеушінің ықылас-тілегін білдіреді. -ғы, -гі, -қы, -кі жұрнақтары арқылы және «келу» көмекші етістігі арқылы жасалады. Мысалы: көр+гі+ң келген, айт+қы+сы келді, бол+ғы+м келеді, т.б.

**Кім болғым келеді?**

әнші

ғарышкер

**Менің**

мұғалім

болғым келеді.

ұшқыш

заңгер

- Балалар, қалау райын пайдаланып, болашақта кім болғыларың келетінін айтыңдаршы?

**V. Жаңа сабақты қорытындылау:**

Тақтада «Жұбын тап!» ойыны.

Ойынның шарты: сөздердің жұбын табу керек.

Дәрігер бала оқытады.

Шахтер тіс емдейді.

Құрылысшы көмір қазады.

Сатушы үй салады.

Мұғалім тауар сатады.

Тақтамен жұмыс. Тақтаға керекті сөздерді жабыстырады.

- Бүгінгі сабақты мына өлең жолдарымен аяқтағым келіп тұр:

...Әсемпаз болма әрнеге

Өнерпаз болсаң, арқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан!- деп данышпан Абай атамыз айтқандай, болашақ мамандықтарыңды дұрыс тандап, егеменді елімізді көркейтуге өз үлестеріңді қосады деп сенемін.

Үлкендердің айтқан ақыл-кеңестерін жадыңызда ұстап, білім алуға барлық күш жігерлеріңді жұмсап, егеменді еліміздің ертеңі – болашақ маман иелері болуларыңызға тілектестігімді білдіремін!

**VI. Оқушыларды бағалау.**

Оқушыларды біліміне, жауабына қарай әділ бағалау (мақтау).

**VII. Үйге тапсырма:** Мәтінді мазмұндау. Еңбек туралы 3 мақал жаттау.

**VIII. Рефлексия.**

Мақсаты: оқушымен қайта байланыс.

- Балалар, біз бүгін

Не білдік? Не үйрендік? Не білгілерің келеді?

Ақжанат НАҚЫПОВА,  
 №250 мектеп-лицейдің  
 қазақ тілі мен әдебиеті  
 пәнінің мұғалімі.  
 Қызылорда облысы,  
 Қармақшы ауданы.

## ЖАҢА ЖЫЛ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – сөйлем ішіндегі сын есімдерді ажырата білу, жаңа жыл мерекесінің ерекшелігін әңгімелеу; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, өзіндік жұмыс жасай білу қабілеттерін, жеке қасиеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды бірлесіп жұмыс істеу арқылы достық қарым-қатынастарын нығайту, бір-бірінің пікірін тыңдауға, бірін-бірі бағалай білуге тәрбиелеу.

**Типі:** жаңа білімді игерту. **Түрі:** білім беру мақсаттары қойылатын сабақ. **Әдістері:** «Ой қозғау», ТВ шоу.

**Формасы:** ұжымдық, топтық, жеке. **Құрал-жабдықтар:** интербелсенді тақта, суреттер, үлестірме плакаттар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, орыс тілі. **Күтілетін нәтиже:** сөйлем ішіндегі сын есімдерді ажырата біледі.

Жаңа жыл мерекесінің ерекшелігін әңгімелеп айтады.

**Сабақтың технологиялық картасы:**

Кезең:	Мұғалімнің әрекеті:	Оқушының әрекеті:	Мақсаты:	Әдістер:	Бағалау.
Кіріспе.	а) Ұйымдастыру, оқушылар көңіл күйін байқау. ә) Топтастыру.	Қолайлы психологиялық ахуал тудыру. Әр түрлі суреттер арқылы сыни тұрғыдан ойлауы.	Психологиялық ахуалды жақсарту. Оқушыларды 3 топқа бөлу. 1) Аяз ата; 2) Шырша; 3) Ойыншықтар.	«Үнсіз сыйлық».	
Тұсау-кесер.	Оқушыларды ойлантып, ізденетін мәселе туғызу, оқушылардың белсенділігін арттыру.	Оқушылар сыни тұрғыдан ойлап, шешімге келіп, ой түйеді.	Топта бірлесіп жұмыс жасап, ой алмасады.	«Ой қозғау».	Сау-сәк арқылы.
Негізгі бөлім.	а) АКТ қолдану арқылы жаңа білімді игерту. ә) Оқушыларға тапсырмалар топтамасын беріп, оларды орындауына жағдай туғызу,	Оқушылар ізденеді, өз бетінше тапсырмалар орындап, оны қорытындылай біледі.	Оқулықпен, қосымша ақпараттармен, дәптермен жұмыс.		Бағдаршам түстері арқылы.



	қызығу-шылығын ояту, топтағы жұмыстары үшін ынталандыру.				
Қорытынды.	Рөлдік ойын ұйымдастыру.	Тележүргізуші, аяз ата, ақшақар, бала рөлдерінде ойнайды.	Шығармашылық қабілеттерін дамыту.	ТВ шоу.	Саусақ арқылы.

### Сабақтың барысы:

#### I. Кіріспе.

а) Ұйымдастыру:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?
- Қазір қай жыл мезгілі?
- Қай ай?
- Бүгін ауа райы қандай?

Ендеше осындай жылы, шат көңілмен бір-бірімізге сыйлық сыйлайық.

ә) Топтастыру.

Мұғалім үстелінен суреттер таңдайды.

I топ – Аяз ата, II топ – Шырша, III топ – Ойыншықтар тобы.

Б) Үй тапсырмасын сұрау.

А деңгейлі оқушылар өлең жазады.

В деңгейлі оқушылар әңгіме жазады.

С деңгейлі оқушылар жұмбақ жаттайды. Саусақ арқылы бағалау.

#### II. Тұсаукесер.

- Қыс мезгіліндегі ерекше мереке қандай мереке?
- Жаңа жыл мерекесі. Ендеше сендер мерекені қалай қарсы алар едіңдер немесе қарсы алдыңдар? Әр топ ақ жаймаға өз ойларын түсіреді. Бір оқушы қорғайды. Саусақ арқылы бағалау.

#### III. Негізгі бөлім.

Оқулықта берілген өлеңді оқып, түсінгенін әңгімелейді. Жеке жұмыс. Өлеңдегі сын есімдерді теріп жазады.

Грамматикалық тапсырмалар орындау. Оқулықтағы 2, 3, 4-тапсырма үш топқа бөліп беріледі.

«Аяз ата» тобы – 2-тапсырма.

«Шырша» тобы – 3-тапсырма.

«Ойыншықтар» тобы – 4-тапсырма.

Тақырыпты қорыту мақсатында «ТВ шоу» ойыны ойналады.

#### IV. Қорытынды.

Сабақтан алған әсерім (Дәптерге жазу).

#### V. Үйге тапсырма: өлеңді жаттау.

Лейла САДЕНОВА,  
Қарағанды қаласындағы  
№74 жалпы орта мектептің  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

## АНА ТІЛІ – БІЛІМНІҢ КІЛТІ

### Сабақтың мақсаты:

1. Өзге ұлт өкілдерін ана тілін құрметтеуге, ұлттық тіл ретінде бағалауға, оны туған Отанында аға тіл дәрежесіне көтеретіндей қызмет жасауға үйрету;

2. Өзге ұлт өкілдерін ана тілінің қадір-қасиетін түсіне білуге шақыру. Олардың халқына деген сүйіспеншілігін, тіліне деген құрметін арттыру;

3. Ана тілін терең меңгеруге құштарлықтарын ояту, ана тілінің кең қанат жаюына үлес қосуға, мақтан тұтуға тәрбиелеу.

**Түрі:** сайыс сабақ. **Типі:** дәстүрлі емес. **Әдісі:** ой қозғау, топтық жұмыс, іздендіру. **Көрнекіліктер:** интерактивті тақта, қанатты сөздер, суреттер, шарлар.

*Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады.*

**Ғ.Мүсірепов.**

Сабақтың эпиграфы: «Пейіл мен ынта болса, мемлекеттік тілді еркін меңгеруге болады».

Сабақтың барысы:

### I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

Тіл дамыту.

### II. Жаңа сабақ:

**Кіріспе.**

**Мұғалім:**

- Құрметті ұстаздар мен қонақтар! Біздің сайыс сабағымызға қош келдіңіздер!

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ел халқына жолдаған жолдауында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі», «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген болатын. Мемлекеттік тілді үйрену, білу, дамыту – баршамыздың міндетіміз және әркімге де парыз саналады.

Ана тіліміздің құрметіне арналған «Қазақшаңыз қалай?» атты сайысымызды бастайық. Бүгін біз «Ана тілі – білімнің кілті» деген тақырыпқа сыр шертеміз.

Шалқытып мерекеде ән салайық,

Өнерпаз өрендерге тамсанайық.

Әділдік пен шындықты арқа тұтқан

Әділқазы алқасын таныстырайық.

Зарубаева Лилия Елеухановна, Абдильдина Аида Алмазовна.

Бүгінгі өтетін сабағымыз 6 кезеңнен тұрады:

**1-кезең – “Бәйге”.**

**2-кезең – “Мәнерлеп оқу”.**

**3-кезең – “Мақал-сөздің мәйегі”.**

**4-кезең – “Өнерлі өрге жүзер”.**

5-кезең – “Полиглот”.

6-кезең – “Даналық ойдан дән ізде”.

*Жарысқа 2 топ қатысады: «Алғырлар» мен «Тапқырлар» тобы қошеметпен қарсы алыңыздар.*

1-кезең – «Бәйге». Әр топ сұрақтарға жауап береді. Әр дұрыс жауапқа 2 ұпай беріледі.

**Тапқырлар тобына сұрақтар:**

1. Өнер алды не? (қызыл тіл)
2. Ең бірінші бақытым – ..... ( халқым)
3. Үш биді ата. (Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би)
4. Тілдің ең негізгі қызметі – (сөйлеу, қарым-қатыныс жасау).

5. Ашу – дұшпан, ..... (ақыл – дос)

6. Тіл туралы заң қашан қабылданды? (1997 ж. 11 шілде)

**Алғырлар тобына сұрақтар:**

1. Сөз анасы – ..... (құлақ)
2. Ал екінші бақытым – .....(тілім менің)
3. Құрғақ сөзінің антонимі – .....(ылғал)
4. Мұсылмандардың қасиетті үйі – (мешіт)
5. Қазақта топ аттылар жарысын не деп атайды? (Бәйге)

6. Ислам дінінің қасиетті кітабы – (Құран)

Әділқазылар 1-кезеңнің ұпайын санап отырады.

**2-кезең – «Өлең – сөздің патшасы».**  
**(Мәнерлеп оқу)**

*Әр топтан қатысушылар өлең оқиды, ән айтады, домбыра шертеді.*

3-кезең – “Мақал-сөздің мәйегі”. Мақал-мәтелдердің екінші сыңарын тауып сәйкестендіру.

Әр дұрыс сұраққа 2 ұпай.

**Тапқырлар тобына:**

1. Өзге елде сұлтан болғанша,

*Өз еліңде ұлтан бол.*

2. Оқусыз білім жоқ-

*Білімсіз күнің жоқ.*

3. Көп жасаған білмейді –

*Көп оқыған біледі.*

4. Тіл қылыштан да

**өткір**

**Алғырлар тобына:**

1. Басқа бәле

**Тілден**

2. Білекті бірді жығар,

**Білімді мыңды жығар.**

3. Көре-көре көсем боларсың,

**Сөйлей-сөйлей шешен боларсың.**

4. Жеті жұрттың тілін біл,

**Жеті түрлі білім біл.**

**4-кезең “ Өнерлі өрге жүзер”.**

Бұл кезеңде әр топ «Қара жорға» биін билейді.

Қай топ жақсы билейді 5 ұпайға ие болады.

**5-кезең – “Полиглот”.**

Ең бай адам – көп тілді меңгерген адам. Ал, көп тілде еркін сөйлейтін адамды – ғылым тілімен «полиглот» дейміз. Елбасының талабы бойынша, біздің мемлекетімізге көп тілді білетін мамандар

керек. Оны тексеру үшін жұмбақ жасырамын, сіздер жауабын тауып, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аударасыздар. Әр дұрыс жауап 2 ұпай.

**Тапқырлар тобы:**

1. Айдалада ақ отау,  
аузы, мұрны жоқ отау.

*жұмыртқа – яйцо*

2. Аяғы жоқ жүреді,  
сылық-сылық күледі.

*су – вода*

3. Жер көрдім қаласы бар,  
Үйлері жоқ мекендейтін.  
Көл көрдім, өзен көрдім,  
Сулары жоқ терендейтін.

*карта – карта*

4. Тілі бар да үні жоқ,  
Өзін адам түсінген.  
Жүрегі барда қаны жоқ,  
Сөйлеп туған ішінен.

*кітап – книга*

**Алғырлар тобы:**

1. Аспандағы алып доп,  
Жарқырайды жарық боп.

*Ай – Луна*

2. Өзі – қазық,  
Өзі азық.

*сәбіз – морковь*

3. Әр түстің сәні бар,  
Аумайды гүлдерден.

Қанаты бар, жаны бар,  
Айтпаймын білгенмен.

*көбелек – бабочка*

4. Кішкентай ғана бойы бар,  
Қабат-қабат тоны бар.

*орамжапырақ – капуста*

**6-кезең – “Даналық ойдан дән ізде”**  
(шығармашылық жұмыс).

Әр топтан бір мұғалім шығып, қағаздан ою-өрнек ояды. Әділқазылар тексеріп, дұрыс ою ойған топқа ұпай береді.

**Рефлексия:**

Руслан Мамытовтың «Қазақ тілі» өлеңін тыңдап, қандай әсер алғандарын қағаз бетіне жазады.

*Қазылар орнықтырар әділдікті,*

*Кімдердің жауаптары кәміл шықты?*

*Білім мен тапқырлықтың сайысында*

*Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты!*- дегендей, сайыскерлерімізді бағалау үшін әділ қазыларымызға сөз берейік.

*Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып,*

*Қазақ тілін білмеу қандай заңдылық?!*

*Өсер болсаң, байтақ далам тұрғанда,*

*Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!*- дей отырып, бүгінгі сайысымызды аяқтаймыз.

Назарларыңызға рахмет! Сау болыңыздар!

**Анар ШУМБАЛОВА,**  
**Орал қаласындағы**  
**А.С.Макаренко атындағы**  
**№6 орта жалпы білім беретін мектептің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## 7-СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН НӘТИЖЕ САБАҚТАРДЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ

**I модуль.Сабақтың тақырыбы: Менің отбасы мүшелерім.**

**Сөйлем түрлері, шылау.**

**Сабақтың мақсаты:** Оқушылардың модуль бойынша алған лексикалық және грамматикалық білімдеріне қорытынды жасау.

Менің отбасым, сөйлем түрлері, шылаулар тақырыбы бойынша білімдерін тексеру.

**I. 1тапсырма.Клоуз тест. Бірін-бірі бағалайды.**

№	Тапсырмалар	Дұрыс жауабын табыңыздар
1.	Бұл кім? Бұл – .....	А) Бұл – үстел;      Ә) Бұл – ат; Б) Бұл атаңмен;    В) Бұл – әке.
2.	Бұл кім? Бұл не?	А) Бұл – Юпитер, бұл – вагон; Ә) Бұл – сандық, бұл – факс; Б) Бұл – электрик, бұл – оқушы; В) Бұл –дәрігер, бұл – хат.
3.	Туыстық атауды белгілеңіздер.	А) Шеше, туыс, адам; Ә) Әке-шеше, үй іші; Б) Аға, іні, әпке.
4.	Болат - заңгер. Оның баласы ..... Ол Астанада .....	А) Оқиды; Ә) Қазақ тілінде сөйледі.

5.	Мұраттың үш ..... екі ..... бар. Жұлдыздың ..... оқуға түсті. Ән кешінде ..... халық әнін айтты.	А) Інісі; Ә) Ағасы, қарындасы; Б) Әпкесі мен жездесі.
6.	Артық сөзді табыңыз.	А) Талантты; Ә) Ақылды; Б) Сүйкімді; В) Сырты.
7.	Бұл кім, оның мамандығы не?	А) Бұл – менің балам, оның мамандығы – оқушы; Ә) Бұл – менің қызым, оның мамандығы – компьютер; Б) Бұл – менің әйелім, оның мамандығы – мұғалім.
8.	Таныс болыңыз, бұл менің –.....	А) Әке-шешем; Ә) Әке-бауырым; Б) Әке-туысым.
9.	Сәуленің .....	А) Ініде;      Ә) Інісі; Б) Ініге;      В) Іні.
10.	Менің әпкем – .....	А) Дәрігермін; Ә) Дәрігер; Б) Дәрігерлер.

**II. Жазылым. Топтық жұмыс.**

**1. Сөйлемдерді (ма, ме, ба, бе, па, пе) шылау арқылы сұраулы сөйлемдерге айналдырып жазыңыз.**

Бұл кісі Мараттың әкесі. Анау жатқан кітап менікі. Жазда Алматыға бармайсың. Ол менің қызым. Ол кісі оқиды, жұмыс істейді. Бұл жақсы жұмыс. Біз ертең келеміз.

**2. Сұраулы сөйлемдерге айналдырып, аударыңыз.**

Это наш дом. Моя ручка. Это – Асет. Университет имени Абая. Это настоящее счастье. Это твоя книга.

Мой сын. Твоя ручка. Наша улица. День рождения.  
Ваша квартира. Директор завода. Наша Республика.  
Вашгород. Страница книги.

**3. Ма, ме, ба, бе, па, пе шылауларымен сұраулы сөйлемдер құраңыз.**

1. ма \_\_\_\_\_
2. ме \_\_\_\_\_
3. ба \_\_\_\_\_
4. бе \_\_\_\_\_
5. па \_\_\_\_\_
6. пе \_\_\_\_\_

**4. Сөйлем түрлерін анықта.**

1. Биыл қыс суық болды, бірақ қар аз жауды. 2. Маған сабақтан қалуға болмайды. 3. Қыста бұл жердің ауа райы өте суық болады. 4. Кітаптарын жоғалтып алғандықтан, оның бүгін мазасы болмады. 5. Ақылды көп жасағаннан сұрама, көп көргеннен сұра.

**III. Ойбөліс. Жұптық жұмыс.**

1. Сауалнама үлгісі бойынша досыңыздың отбасы туралы шағын ақпарат жазыңыз.

1. Аты-жөні \_\_\_\_\_
2. Жасы \_\_\_\_\_
3. Әке-шешесінің аты-жөні \_\_\_\_\_
4. Отбасы мүшелері \_\_\_\_\_
5. Мекен-жайы \_\_\_\_\_
6. Телефоны \_\_\_\_\_

**2. Мақалды оқып, мазмұнын түсіндіріңіз:**

1. Сақау баланың тілін шешесі біледі.
2. Балаң жаман болса,  
Көрінгеннің мазағы.

**3. Атадан жақсы ұл туса,  
Жеткізеді мұратқа.**

Атадан жаман ұл туса, Қалдырады ұятқа.

**IV. Сөйлеу жағдаяттық тапсырма.**

Бүгін біздің үйге бір шетелдік азамат келді. Мен оған өз отбасымыздың тілі, діні, ділі туралы айтып бердім. Ол осы әңгіме барысында өз ойымен бөлісті (ол осы отбасының ынтымағы, татулығы, отбасы мүшелерінің бір-біріне құрметі туралы ой-пікірін білдіруі мүмкін).

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

**II модуль.** Сабақтың тақырыбы: Сыйлықтар. Тұйық етістіктің септелуі. Лепті сөйлем. Біріккен сөздер.

**Сабақтың мақсаты:** Сыйлықтар, сөйлем түрлері, шылаулар тақырыбы бойынша білімдерін тексеру. Топта бірлесіп жұмыс жасау арқылы достық қарым-қатынастарын нығайту, бір-бірінің пікірін тыңдауға, бірін-бірі бағалай білуге тәрбиелеу.

**I. 1. Тест.**

1. Сыйлық таңдау неге байланысты?  
А) жасқа; В) уақытқа; С) тұрмысқа; Д) талғамға.
2. Түбір тұлғасы сақталмай біріккен сөзді табындар.  
А) әуежай; В) қарлығаш; С) Еламан; Д) Ақтөбе.
3. Берілген құттықтаулардың қайсысы туған күнге қатысты екенін табындар

- А) Мерекеңіз құтты болсын;
- В) Шаңырақтарың биік болсын;
- С) Керегелерің кең болсын;
- Д) Жастан жасқа жете беріңіз.

4. Тұйық етістікті анықтаңдар:

- А) ұнау; В) айтыс;
- С) жу; Д) қу.

5. Берілген сөйлемді мағынасына қарай толықтырыңдар.

Сыйлық әкелмеген қонаққа...болмайды.

- А) үйге кіруге;
- В) ренжуге;
- С) құрмет көрсетуге;
- Д) басқалармен салыстыруға.

6. Лепті сөйлемді табыңдар:

- А) Жақыныңды жаралама;
- В) Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін;
- С) Тұу, тауда күн күркірегені қандай қорқынышты;
- Д) Не жазып жүрсіз?

7. Көп нүктенің орнына тиісті кіріккен сөзді қойыңдар.

Оның... туған күні

- А) ертең; В) бүгін; С) кеше; Д) алдыңкүні.

8. Берілген сөйлемге қандай тұйық етістікті қойғанда сыйлықты тарту мәні шығады? Сыйлықты...

- А) сату; В) ұты; С) бөлу; Д) сыйлау.

9. Берілген лепті сөйлемнің жасалу жолын анықтаңдар.

Қандай керемет сыйлық!

- А) одағай сөз арқылы;

- В) күшейткіш мәнді сөз арқылы;

- С) демеулік шылау арқылы;

- Д) интонация арқылы.

10. Тұйық етістіктің жұрнағы жалғанғанда соңғы дыбысы өзгеріске ұшырайтын сөзді табыңдар:

- А) тап; В) қал; С) сана; Д) жи.

11. Әйел адамға сыйлауға болмайтын бұйымды табыңдар:

- А) галстук; В) алтын, күміс бұйымдары;
- С) гүл; Д) иісмай.

12. Ер адамға сыйлауға болмайтын бұйымды табыңдар:

- А) галстук; В) ұнтаспа;
- С) кітапша; Д) қас жұлғыш.

13. Қыз балаға ... сыйлауға болады. Көп нүктенің орнына керекті сөзді жазыңдар:

- А) велосипед; В) галстук;
- С) қуыршақ; Д) жиһаз.

14. Берілген гүл атаулары құрамына қарай қандай сөзді қатарына жатады?

Итмұрын, лалагүл, ақгүл, нарғызгүл:

- А) дара сөздер; В) көс сөздер;
- С) тіркескен сөздер; Д) біріккен сөздер.

15. Нұсқалардың қайсысы дұрыс берілмеген?

- А) әйелдерге – иісмай;
- В) балаларға – жүзік;
- С) ерлерге – галстук;
- Д) қыз балаларға – парфюмерия.

## II. Жазылым.

### 1. Сөздік диктант.

Қолшатыр, ілтипат, таңдау, талғам, дәстүр, ұнау, сүйікті, гүлшоқ, қадірлеу, ренжімейді.

2. Лепті сөйлемнің жасау жолдарын көрсетіңіз.

1. Айтқанды тыңдамағаны-ай. Бүлдірді-ау, мына бала! (-ау, -ай демеуліктерімен)

2. 1. Бәрекедді, дұрыс болған! Қап, бекер барған екенсің! (Одағайлармен)

3. Осы пікіріңді кеше айтсаңшы! (Шартты рай тұлғасына -шы, -ші қосымшалары жалғаумен)

3. Кестені толтырыңдар.

	Түрлері	Түбір сөз	Туынды сөз	Қос сөз	Біріккен сөз	Қысқарған сөз	Тіркескен сөз
		А	Ә	Б	В	Г	Ғ
1	жаздыгүні						
2	су-су						
3	отыр						
4	ақ құба						
5	Он екі						
6	ҚР						
7	еңбеккүн						
8	Бала-шаға						
9	ТМД						
10	қалалық						
11	қара торы						

4. Кестені толықтырыңдар. Тұйық етістікті септеңіз.

Атау септік	
Ілік септік	Білу...
Барыс септік	Білу...
Табыс септік	Білу...
Шығыс септік	Білу...
Жатыс септік	Білу...
Көмектес септік	Білу...

III. Ой бөліс.

Диалогты өзгертіп, сөйлесіңдер.

- Сәлеметсіз бе, маған гүл керек еді.
- Сәлеметсіз бе! Тандаңыз, қандай гүл керек?
- Мына қызғалдақ гүлдің бағасы қанша?
- Бес жүз теңге.
- Маған үш тал қызғалдақ гүлін беріңізші.
- Мінеки, алыңыз.
- Көп рахмет, сау болыңыз.

IV. Сөйлеу жағдаяттық тапсырма. Топтық жұмыс.

1. Достарыңның туған күніне қандай сыйлық ұсынасыңдар? Неге?

Сыйлық ұнайды деп ойлайсыңдар ма? Неге?

2. Венн диаграммасын толтырыңдар.



**Фатима АШИРОВА,**  
**«Ораз Жандосов атындағы**  
**орта мектеп, мектепке дейінгі**  
**шағын орталықпен»**  
**мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.**  
Алматы облысы,  
Қарасай ауданы,  
Жандосов ауылы.

## **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОЮ- ӨРНЕКТЕРІНІҢ БІРІ – «ҚОШҚАРМҮЙІЗ»**

**Сабақтың мақсаты:** а) **білімділік** – ою-өрнектер туралы түсінік беру, ою-өрнектерді, ою әдістерін үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың байқағыштық қабілеттерін, сөздік қорын шығармашылық бағытта дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларға ою-өрнекті бұйымға үйлесімді, қонымды етіп пайдалана білуге үйрете отырып, ұқыптылыққа, талғамға сай жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** сайыс сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** ұлттық киім үлгілері, қоржын, тест сұрақтары. **Қажетті құралдар:** мата түрлері, түсті қағаздар, қарындаш, қайшы, желім. **Пәнаралық байланыс:** бейнелеу, әдебиет, биология, саз.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру.**

**II. Жаңа сабақ.**

Ою-өрнек – ата бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Үлгіні бір өрнекке салып қиып алуды ою дейді. Ал өрнек деп әр түрлі ою бедерлеп, күйдіріп жалатқан әшекейді айтады. Қазақ халқының ою-өрнектерінің түрлері де, атаулары да көп. Ертедегі ата-бабаларымыз ою өнерінің өзіндік қыр-сырын жете меңгере білген. Халық шеберлері өздерінің туындыларын ешқандай геометриялық аспаптарымыз-ақ шебер жасаған. Оюшылар күрделі композицияларды дүниеге әкелгенде қатаң симметрия заңдарымен, үйлесім шарттарын өте орынды қолданған. Ою өнері дүниежүзі халықтарының барлығына тән. Қай халықтың оюларын алып талдау жасасақ та барлығына ортақ бір заңдылық бар. Ол ойын тасқа, ағашқа ойып, қашап түсіріп отырған. Ертедегі қазақ оюларын мазмұн жағынан іріктеп қарасақ, негізінен үш ұғымды бейнелеген:

1. Мал өсіру мен аңшылықты.
2. Жер-су, көшіп-қону көріністерін.
3. Күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесі.

Мағынасына қарай өрнектер мынадай 8 топқа бөлінеді:

1. Ай, Күн, жұлдыздарға – аспан әлеміне байланысты.
2. Малға, малдың түрлеріне, аяқ таңбаларына байланысты өрнектер.
3. Құрт-құмырсқа, жәндіктерге байланысты.
4. Жер, су, өсімдік, гүл, жапырақ, бұтақ бейнеленген өрнектер.
5. Қару, құралдарға байланысты өрнектер.

6. Геометриялық денелерге байланысты өрнектер.
7. Құстарға байланысты өрнектер.
8. Аңның түріне, аяқ таңбасына байланысты өрнектер.

#### **Мүйіз тектес ою-өрнектер.**

*Қошқармүйіз* – әл-ауқаттың, жақсылықтың, молшықтың белгісі.

*Түйе мойын* – алыс сапардың белгісі.

*Түйе табан, Өркеш, Ботамойын* – көштегі түйе жабуына, жібек жол сауда заманында саудагерлердің шапанына салынған.

*Қолтықша, Қолтық ою* – хош келдіңіз, өз үйіңіздей көріп, бүйір таяна отырып, дем алыңыз деген қошемет, қонақжайлылықтың белгісі. Көбіне текеметте болады.

*Ирек, Толқын* – адамның өмірін, өмір жолын меңзейді. Көбіне заттардың шетіне салынады. Адамның өмірі шынында да ирек-ирек емес пе?

«Бір қисық жол дүние барандаған,

Басқа дәулет бақ қайтса құралмаған» деген өлең жолдары бар.

*Жапырақ* – бұл жайлау, орман, жазық дала, кең сахараны меңзеп жасаған.

*Қармақ* – кәдімгі балық аулайтын қармақ. Қармақта 2 немесе 3 тармақ болады.

*Арқар мүйіз* – ою-өрнектердің негізгі төркіні. Қос мүйіз – көптеген заттарда кездеседі (киізде, қоржында).

#### **ә) Топтық жұмыс.**

I топ – Жылы түстер – Шеберлер.

II топ – Салқын түстер – Өнерлі өрендер.

#### **I. Танысу.**

I топтың ұраны: «Бармағынан бал тамған шебер қыздар көп бізде».

II топтың ұраны: «Өнерлі өрге жүзеді».

I. Ою-өрнек сәндігі,

Көздің жауын алады.

Болмаса зат өрнексіз,

Ешбір мәнсіз қалады,- деп сайыстың бірінші кезеңін бастаймыз. Түрлі-түсті қағазбен жұмыс.

2. Мақал-мәтел айтысу (өнер, ою-өрнек туралы).

3. Кім шашпаң? Топ мүшелері ою ойып жарысады.

4. «Алтын қақпа» ойыны.

Екі топ бір біріне ою-өрнекке байланысты сирек қолданылатын сөздердің, оюдың атын жасырады, топ мүшелері бір минуттан кейін мағынасын түсіндіру қажет.

1. Халқымыз Жыланбас оюын қандай ырыммен, қайда қолданған? (Жауабы: жыланбас оюын балалардың тақиясына көз тимесін деген ырыммен салған).

2. Әдептеу деген не? (Жауабы: заттың не киімнің шетін екінші түсті мата не терімен жапсыра тігу, жиіктеу).

3. Бәдіз деген не? (Жауабы: тасқа шауып жасаған мүсін, өрнек, бедер).

4. Қабу деген не? (Жауабы: мақтасы жылжып кетпес үшін көрпенің тысы мен астарын жапсырып тігу).

5. Кірлеу деген не? (Жауабы: өрнек салынған текеметті ыстық су құйып, үстінен орап, буландырып білектеу).

6. Жұлдызқұрт оюын көбінесе қайда салады? (Жауабы: шиге, сырмақтың шеткі жиегіне салады).

7. Есеп таяқ деген не? (Жауабы: кілем тоқуда қолданады, бой жіптерді санап байлап қойған таяқ).

8. Делегей деген не? (Жауабы: ертедегі қыздардың бас киімі).

#### Тест сұрақтары.

1. «Көргендінің баласы жөргемді болар» деген мақал адамның қандай қасиеттеріне сәйкес айтылған деп ойлайсындар?

- а) сауықшыл; ә) өнерпаз;  
б) қонақжай; в) еңбекқор.

2. Текеметтің бетіне қандай оюлар салынады?

- а) ұсақ; ә) өсімдік тектес;  
б) сыңарөкше; в) жануар тектес.

3. Халық шеберлері бояу ретінде пияздың қай бөлігін пайдаланған?

- а) тамыры; ә) жапырағы;  
б) сабағы; в) қабығы.

4. Жүнді қалай иіреді?

- а) шумақтайды; ә) ширатады;  
б) шүйкелейді; в) екі тіндейді.

#### IV. Қорытынды.

Жаңылған АХМЕТОВА,  
№149 мектептің  
бастауыш сынып мұғалімі.  
Ақмола облысы,  
Аршалы кенті.

## АДАМ НЕ ІСТЕЙДІ?

(3-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – лексикалық тақырып пен грамматикалық тақырыбын байланыстыра өту; оқушыларды сезім мүшелерімен таныстыру. Сезім мүшелерінің қызметі туралы мәлімет беру; **дамытушылық** – сөздік қорын, тіл байлығын, байланыстырып сөйлеуін, оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау қабілетін бақылау, қажетті көмек көрсету; **тәрбиелік** – тазалыққа, сыйлас-тыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау. **Көрнекілігі:** әр түрлі дене мүшелерінің, сезім мүшелерінің суреттері, тест, үлестірме қағаздар. **Пәнаралық байланыс:** дүниетану, еңбекке баулу, бейнелеу.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.** Психологиялық дайындық.

Сыныбымыз тап-таза,

Бор да дайын тақтада.

Денемізді жинақтап,  
Отырайық партаға.  
Үй жұмысын тексеру. Тест арқылы.

*Говорит –*

*Слушает –*

*Слышит –*

*Смеётся –*

*Читает –*

### **Үй жұмысын қорытындылау.**

I-II жақтағы етістіктерді ауызша жұптық жұмыс ретінде сөйлесу құрату.

Мен сөйлеймін. Сен сөйлейсің.

Мен тыңдаймын. Сен тыңдайсың.

Мен күлемін. Сен күлесің.

### **Жаңа сабақ.**

- Бүгінгі біздің сабағымызға қоян келіп тұр. Қоян сендерден көмек сұрап отыр. Қонның жолына қасқыр, түлкі бөгет жасауда. Егер біз оған көмектесіп, тапсырмаларын орындасақ қоянның жолын ашамыз. Көмекке дайынбыз ба?

1-тапсырмасы. Сөздікпен жұмыс.

Жаңа сөздікпен жұмыс жүргізу.

Көрнекілік арқылы жаңа сөздерді қайталау.

*Дем алады – дышит;*

*Көреді – видит;*

*Көтерді – поднял;*

*Ұйықтайды – спит.*

а) мұғалімнің оқуы;

ә) оқушылардың оқуы;

б) сөз тіркестерін құрату.

в) сөйлем құрату.

2-тапсырмасы. 1. Практикалық жолмен адамның қимылдарын сипаттау. Оқушыларға тапсырма беріп, орындату.

Отыр. Тұр. Жүр. Бір қолыңды көтер. Екі қолыңды көтер.

2. Еске түсіру. Қол, саусақтар туралы тақпақты.

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Алақанды ашамыз,

Бесті беске қосамыз.

3-тапсырмасы «Шатаспа» ойынын ойнау. Мұғалім дене мүшелерін, сезім мүшелерін атайды. Оқушылар жылдам-жылдам шатаспай көрсетулері керек.

Бас, қол, аяқ, оң аяқ, сол аяқ, мұрын, құлақ, ауыз, көз, тіл, кірпік, қас.

2-тапсырма. Жақшадағы сөздерді оқып, аудару, жазу.

Дәптермен жұмыс.

Адам көзімен (видит) көреді.

Адам мұрнымен (дышит) дем алады.

Адам қолымен (пишет) жазады.

Адам аяғымен (ходит) жүреді.

4-тапсырма. Кітаппен жұмысы.

82-беттегі 3-тапсырма. Не істеймін? Не істейсің? деген сұрақтарға I-II жақта сөйлеп жаттықтыру. Практикалық жұмыс. Іс-әрекетпен көрсету.

Мен дем аламын. Мен көремін. Мен жазамын. Мен ұйықтаймын. Мен күлемін.

Сен дем аласың. Сен көресің. Сен жазасың.  
Сен ұйықтайсың. Сен күлесің.

5-тапсырма.

Әдептілік әдеттеріне үйрету.

Деніңіз сау болсын! Будьте здоровы!

Мақалдың мән-мағынасын түсіндіру.

«Көз – адамның айнасы».

6-тапсырма. « Адамның әріптері» ойынын  
ойнаймыз:

з, к, ө. н, ұ, р, м, ы. қ, л, а, қ, ұ.

**Сабақты қорытындылау.**

Бүгінгі сабақта үйренгенімізді, оқығанымызды  
қорытындылайық. Оқушыларды үш топқа бөлу.

Құлақ, көз, мұрын суреттерін салып, оны қорғау.

Балалар, бүгін сабаққа өте жақсы қатысып,  
қоянның барлық тапсырмаларын орындадыңдар.  
Қоянның сендерге ризашылығын білдіріп жазған  
хаты бар. Хатын оқып берейін.

*Оқушылар!*

*Мен сендерді жаңа жылдарыңмен құттықтай-  
мын. Дендерің сау болсын!*

*Сабақты 4 пен 5-ке оқыңдар!*

*Маған көмектескендеріңе көп-көп рақмет!*

**Үйге тапсырма:** 1) сөздік жаттау; 2) көремін,  
ұйықтаймын сөздеріне сөйлем құрап жаз.

**Бағалау.**

**Күнбала СЫҒАЕВА,**  
Алматы қаласындағы  
**Ораз Жандосов атындағы**  
**№ 105 гимназияның**  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **НАУРЫЗ – ДУМАН**

*(4-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** а) Ұлыстың Ұлы күні  
Наурыз мейрамы туралы әңгімелеу, наурыз мейрамы  
туралы тақпақтар, өлеңдер айту; халқымыздың салт-  
дәстүрлерінің бірі – «Тұсау кесер» рәсімін көрсету,  
т.б.; ә) оқушылардың ой-өрісін, тілін дамыту; б)  
халқымыздың салт-дәстүрлерін сақтауға, дәріптеуге  
тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Наурыз мейрамы туралы  
кітаптар, суреттер, буклеттер, қолөнер бұйымдары,  
т.б.

**Кіріспе сөз.**

Наурыз – Орта Азия халықтарының жаңа жылы,  
жылдың басы. Бұл мейрамды барлық ұлт өкілдері  
жақсы қабылдайды. Қазақстандықтардың мерекесі,  
той-думаны. Наурыз – көктем, еңбек, бірлік, достық,  
ынтымақ мерекесі. Қазақстан – 137-ден астам ұлттар  
мен ұлыстар тұрып жатқан мемлекет. Мақсатымыз –

Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері бірлікте, ынтымақта өмір сүріп, Қазақстанның көк байрағын әрқашан биікке желбірету, елімізді дамытуға өз үлесімізді қосу. Біз – Қазақстан Республикасының келешегіміз. Қазақстанның болашағы біздің қолымызда.

**1-жүргізуші:**

- Уа, халайық, халайық,  
Мұнда назар салайық.  
Наурыз тойына арналған  
Мерекені бастайық.

**2-жүргізуші:**

- Уа, жарандар, жарандар!  
Көңілің бар аландар  
Ата менен анаң бар,  
Үлкен-кіші ағаң бар.  
Наурыз тойы басталды  
Бәрің бері қараңдар.

**1-жүргізуші:**

- Когда приходит наурыз  
Цветут сады, цветут поля.  
Когда приходит наурыз  
Весною дышет вся земля.  
Когда приходит наурыз  
Мы начинаем свой праздник.

**2-жүргізуші:**

- Наурыз келсе, құт келгені, халайық,  
Есік ашып, шашу шашып,  
Ел боп қарсы алайық,

Той пердесін ашайық,  
Тойда ән, би айтайық!

**Айша:**

- Наурыз келді, наурыз келді, ағайын,  
Құшарлана құшағымды жазайын.  
Көктем шыға күлімсіреп көк аспан  
Әнге толды, күйге толды маңайым.

**Наурыз туралы өлеңдер топтамасы.**

1. Қанша ғасыр сән берген даламызға,  
Өзгеше бір әні едің байтақ елдің.

Сәлем, Наурыз!

Сен біздің арамызға

Алпыс екі жылдан соң қайта келдің.

2. Сен бүгін арнасысың дара күйдің,  
Сан пейілдің төрінен күлімдейсің.

Сен менің ұлы бабам Фарабидің  
Кешігіп келе жатқан үніндейсің.

3. Басыңды көтер, қане, күн қақтаған,  
Сен енді басқа айқайға бұрылмайсың.

Тымырсық, тылсым жылдар тындатпаған  
Сен бізге Шәкәрімнің жырындайсың.

4. Ғасырды көктеп өтіп сұңқар сезім,  
Немерем тік көтеріп уақыт туын.

Ғашығына арнаған іңкәр сөзін,  
Өзіңнің тойыңда айтса бақыттымын.

5. Көктем келбеті

Ызғарлы күн ауысып,

Көгінде қарын тауысып.

Көктем лебі еселі,  
Таңғы нұрмен қауышып.  
6. Табиғат көркін келтіріп,  
Жан-жануар серпіліп.  
Күттірген, көктем, келдің бе,  
Жайқалған гүлмен желпініп.  
7. Көк майса көктем келбеті,  
Өзгеріп өңір, жер беті.  
Адамзат, бейне көрінер,  
Кеткендей қыспен бар дерті.  
8. Тамылжыған таңның әсем әуенін,  
Сергек сезім, лағыл ләззат дер едім.  
Жамыраған ай жүзіктей сәуледен,  
Шапағаттың шар айнасын көремін.  
9. Таң шығынан сілкіндірген гүл өңір,  
Дір еткендей сезінемін денем бір.  
Таңғы әуен тіршілікке құштарлық,  
Құштарлық боп жамырайды өлең-жыр.  
10. Ұлыстың қадам басып ұлы күні,  
Үйдің де көктей жаздап тұр уығы.  
Көңіл де наурызбенен шешек атсын,  
Жүректің сарқылмасын жылылығы.  
11. Наурыз жырын жырлаймыз,  
Онымен де тұрмаймыз.  
Қуанып жеткен бұл күнге  
Ел дәстүрін сыйлаймыз.

### **Наурыз бата**

Қозыға толсын көгенің,  
Тұлпар болсын құлының.  
Өрісті болсын жайлауың,  
Ырысты болсын қыстауың.  
Арыстандай болсын қайратың,  
Аюдай болсын айбатың,  
Гүлге толсын өңірің,  
Көңілді өтсін өмірің.  
Асқа толсын табағың,  
Ашық болсын қабағың.  
Ұлысың оң болсын,  
Ақ мол болсын,  
Қайда барсаң жол болсын!  
Ұлыс бақты болсын,  
Төрт түлік ақты болсын,  
Ұлыс береке берсін,  
Бәле-жала жерге енсін!

**Халқымыздың салт дәстүрлерінің бірі – «Тұсау кесер» рәсімін көрсету.**

Кішкентай нәресте бір жасқа толғанда, алғаш қадам басқанда оның тұсауы кесіледі. Тұсауды ала жіппен кеседі. Ала жіп қызыл, қара, ақ жіптерден есіліп жасалады. Оның мағынасы – ер жеткенде жолы алаланбасын деген ұғым. Ешкімнің ала жібін аттамасын, адал, таза, ақ болсын деген ұғым. Тұсауды сол ауылдың ең үлкен ақсақалы не болмаса атақты, жақсы кісісі кескен жөн. Сол кісідей адал, атақты болсын деген ниет. Тұсауды кесіп болған соң, баланы жетектеп жүгіртеді, шашу шашады.

Бір жығылып, бір тұрған  
Қадамыңнан айналдым.  
Ер жетуге ұмтылған  
Талабыңнан айналдым.  
Тәй, тәй, тәй!  
Жүгірем деп балаша  
Сан сүрініп, сан тұрған.  
Болашағың тамаша  
Бақытты бол, балдырған.  
Тәй, тәй, тәй!  
Тұсауыңды кесейік,  
Салып ата салтына.  
Ертерек сен есейіп,  
Қызмет ет халқыңа.  
Тәй, тәй, тәй!

**2-жүргізуші:**

- Көктем тойы – әніміз,  
Көркем өнер – сәніміз,  
Өлең, әнмен той сәнін  
Өрнектейміз бәріміз.

1. «Кел, Отан» (өлең)
2. Күй: «Ата толғауы».
3. Часики.
4. Восточный танец.
5. «Мама» (песня).
- 6.«Лизгинка» биі.

**8. «Қара жорға» биін барлығы билейді.**

Ақбота ЖАҢАБАЕВА,  
Жігітқара қаласындағы  
№3 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Қостанай облысы,  
Жігітқара ауданы.

## ПОЭЗИЯ – ЖҮРЕК ТІЛІ

**Көрнекіліктер:** слайдтар, ақынның кітаптары.

**1-жүргізуші:**

- Қайырлы күн, құрметті көрермендер!

**2-жүргізуші:**

- Армысыздар, ардақты ұстаздар мен оқушылар!  
«Поэзия – жүрек тілі» атты ауызша журналды  
бастауға рұқсат етіңіздер.

**1-жүргізуші:**

- Әрбір әріпі қанға шомған тарихына қараңдар,  
Отырардай опат болған қала жоқ па, жарандар,  
Тату-тәтті бармысыңдар,  
Армысыңдар, Адамдар! – деп Мұқағалидің  
сәлемдесу салтымен амандасайық. Қош келдіңіздер,  
өнер сүйер қауым!

**2-жүргізуші:**

- Біздің журналымыздың бірінші парағына назар  
аударайық (**1-парақ«Менің анкетам», слайд**).

Ақын М.Мұқатаев 1931 жыл Алматы облысы,  
Нарынқол ауданында дүниеге келген. Әжесінің  
қолында өскен балалық шағы соғыспен қатар  
өткен. 1948 жылы – Шибұт ауылында ауылдық  
кеңестің хатшысы; 1950 ж. – Алматыдағы Шет



тілдер институтының неміс тілі факультетіне оқуға түседі; 1954 ж. – Қарасаздың бастауыш мектебінде орыс тілі пәнінің мұғалімі болып істейді; 1957ж. – Республикалық радионың диктор қызметін атқарады; 1960-62 ж. – «Советтік шекара» газетінің бөлім меңгерушісі; 1963-65 ж. – «Мәдениет және тұрмыс» журналында жұмыс істейді.

**1-жүргізуші:**

- Айтылар естеліктер мен туралы, Біреулер жан еді дер өр тұлғалы. Біреулер тұлпар еді деуі мүмкін, Бүтінділмей кеткен бір ер-тұрманы.

Енді ақынның өз өмір жолы туралы жазған «Менің анкетам» өлеңін тындап көрейік.

**2-жүргізуші:**

- Өзеннің басталуы, өнердің басталуы – екеуі де қасиетті. Өзеннің көзі бұрқ еткен қайнардан ашылса, өнердің көзі бір шумақ өлеңнен не жалғыз қара сөзден басталмақ. Даналық әрқашан балалықтан басталады. Біз таныған, мойындаған Мұқағали да бала күнінен дараланыпты.

**(2-парақ «Поэзия», слайд).**

**1-жүргізуші:** – «Поэзия!»

Менімен егіз бе едің?»

Дарыны дараланып, шығармашылық салада бағы жанған Мұқағали Мақатаев қазақ поэзиясының жаңа бетін ашты. Өзінің қамшының сабындай қысқа ғұмырында артына өшпес із қалдырды.

(Слайдтар).

**2-жүргізуші:**

- Табиғат – Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығының жаны деп ойлаймыз. Ғажайып табиғат суреттері болмаса, Мұқағалидің өлеңдері қайталанбас сұлу болуы мүмкін бе? Табиғат ақынға қанатты шабыт береді («Тау бұлағы», слайд).

**1-жүргізуші:**

- Өмір туралы толғанған ақын сөзі былай екен: (Өмір деген ...)

**2-жүргізуші:**

- Сүйікті балаларым менің!-дейді ақын өз күнделігінде. – Ақылсыз болмандар. Өмір жолы – қауіп, абай болыңдар! Өмірдің әрбір құбылысына ақылмен қараңдар. Бір сөзбен айтқанда, сүйе де, жек көре де біліңдер, бірақ әрқашанда адам қалыптарыңда қалыңдар («Сәби болғым келеді», слайд).

**1-жүргізуші:**

- «Поэзия – үміт сенімі, жүрек дірілі, жан тынысы, шексіз сезімге толы махаббат». Енді Мұқағали поэзиясымен қалай сырласқанын көрейік («Поэзия»).

**2-жүргізуші:**

- Мұқағали жырлары – ел-жұртының қасаңдап бара жатқан жан әлемін сәуле-шуағымен әрлендірер, қуат берер күші болып отырғаны шындық. «Үш бірдей бақытым бар алақанда, мені мұндай бақытты жаратар ма?» деп жырлаған ақын («Үш бақытым»).

**1-жүргізуші:**

- Ана – өмір сыйлаушы, бала бағбаншысы. Анаға деген махаббат, сүйіспеншілік сезімі жырдың алтын

арқауы болмақ. Ендеше, ақынның ана тақырыбына арнаған өлеңі – «Шеше, сен бақыттысың» (слайд).

### **2-жүргізуші:**

- Жампоз жырдың дүлдүлі – Мұқағалидің өлеңдері халық жүрегінен терең орын алған («Сен көріктісің», слайд).

### **1-жүргізуші:**

- Келесі кезекті махаббат тақырыбына арналған өлеңдеріне береміз («Махаббатым өзімде»).

### **2-жүргізуші:**

- Аққулар. Аңыз көп қой олар жайлы, көзіңмен көргеніңдей бола алмайды. Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар, шошыса, екінші рет оралмайды. Олай болса, осыны дәлелдеген ақынның «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді тамашалаңыздар («Аққулар ұйықтағанда», слайд).

**(3-парақ. «Айтылар естеліктер мен туралы», слайд).**

### **1-жүргізуші:**

- Ақын Оразақын Асқар айтқандай, «жұмыр жердің қай түпкіріне барсақ та, Мұқағали алдымыздан шығады», өйткені халықтың жыры да, пірі де – Мұқағали. Мұқағали туралы естеліктерді тыңдайық.

**(4-парақ «Өлтіре алмас, алайда, өлеңді ешкім», слайд).**

### **2-жүргізуші:**

- «Өлтіре алмас, алайда, өлеңді ешкім». Иә, өмір ешқашан ұлыларды, дарындарды тірі кезінде еркелетпеген. Олардың даңқы қайтыс болғаннан

кейін ғана шығады. Тек соңғы уақытта біз бір кездегі пенделікпен кеткен қателерімізді жөндеген сияқтымыз. М.Мақатаевтың өлеңдеріне Шәмші Қалдаяқов, Нұрғиса Тілендиев, Ілия Жақанов, Алтынбек Қоразбаев, Бейбіт Оралұлы, т.б. сазгерлер өлең жазды (композиторлардың портреттері, 1-2 әнін тыңдау).

**(5-парақ. Халық сүйген ақын (портрет) слайд).**

### **1-жүргізуші:**

- М.Мақатаев халықты қалай сүйсе, халық та оны солай сүйеді. Ал, халық сүйген ақын мәңгі жасай бермек!

### **2-жүргізуші:**

- Жылдар өтер...әлі небір ақындар дүниеге келер. Бірақ қара өлеңнің құдіретін аспанға бір-ақ көтерген Мұқағали есімі қашанда биіктен көрінер. Мұқағали поэзиясы әрбір мезгілмен бірге, әр ұрпақпен бірге мәңгілік жасай бермек.

### **1-жүргізуші:**

- Иә, өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақын да өлмейді.

### **2-жүргізуші:**

- Біз оның қасиетті жырының алдында: «Қош, бізге мақтан болған, бұдан былай да мақтан бола беретін ақыным» деп басымызды иеміз. Осымен, ауызша журналымыздың соңғы парағы жабылды. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

**Ботагөз ЕЛУБАЕВА,**  
Дубовка орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Қарағанды облысы,  
Бұқар жырау ауданы,  
Дубовка ауылы.

## **БАТЫР ЛӘЗЗАТ ЖЕЛТОҚСАНДА ЖАН ҚИДЫ**

**Мақсаты:** оқушыларды қазақша сауатты сөйлеуге, мәнерлеп оқуға баулу;

Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күрескен халық қаһармандарымен таныстыру, оларды құрмет тұтуға баулу. Оқушылардың патриоттық сезімдерін дамыту.

### **Қатысушылар:**

*Ләззат Асанова – Алтынбек Аяна.*

*Анасы – Талғатова Жамила.*

*Студент – Оразбаев Азамат.*

*Студент, жүргізуші – Букенбаева Гүлсана.*

Слайд (Экранда фильмнен үзінді, Бөкенбаева Гүлсана өлең жолдарын оқиды).

### **Жүргізуші: Бөкенбаева Гүлсана:**

- Жоқ дауа! Залымдарға жаныңды алған,  
Оңа ма жалған атақ жамылған жан?

Өзіңсіз күрсінеді, аһ ұрады...

Гөй- гөйлеп шындық іздеп ару жалған.  
Жер үстін қызғанғандар сенен енді,  
Жер астын тыныштыққа бөлер ме енді?  
Тірліктің пенделері кейде келіп,  
Тырналап кетер менің керегімді.  
Кеудеңнен ұшты жаның құсқа айналып,  
Бір сұмдық өңіндегі түсті аңғарып,  
Аққудың қанын ұрттап дімкәс ғасыр,  
Бара алмас тым ұзаққа күш қайтарып.  
Жоқ дауа! Залымдарға жаныңды алған,  
Амалсыз уақытына бағынды арман.  
Бас ием рухыңа, Ләззат батыр,  
Танбаған желтоқсанда жалындаудан...

### **1-көрініс.**

**Сахнада:** Ләззат, жастар (2 оқушы, қолдарында плакаттар «Долой Колбина», «Біз қарсымыз».

Студент жігіт (Оразбаев Азамат, жүгіріп кіріп айқайлайды):

- Естідіңдер ме, радиодан берілген жаңалықты.  
Дінмұхамет Қонаев орынынан алынып, орынына белгісіз орыс сайланыпты дейді. Бұл не масқара?

- Біз қарсымыз, наразылық шеруіне шығамыз.

### **Студент қыз бала (Бөкенбаева Гүлсана):**

- Тапталмасын деп қазақтың кек, ары,  
Тәуелсіздік туын ұстап жоғары,  
Топты бастап шықты Ләззат алаңға,  
Толған еді он алтыға небары

Жүріңдер алаңға!

Кеттік!

**Ләззат (Алтынбек Аяна):**

- Біз қазақпыз, қазақпыз!

Өмір керек азапсыз.

Ел боламыз егемен,

Сонда ғана азатпыз!

(Сирена, слайд, Ләззатты өлтіреді, барлығы сахнадап кетіп қалады)

**2-көрініс.**

(Бейнетаспа экранда көрсетіліп тұрады,

Ләззаттың жерленген жері, мазар басында анасы жылап отырады)

**Бөкенбаева Гүлсана:**

- Есіңе ал, есіңе ал, жас достар,

Бұл жерде батыр жоқ қол бастар.

Бұл жерде жүректе мұз жатыр

Бұл жерде өрімдей қыз жатыр.

Бұл жерден мәңгілік аттанған,

Халқының есінде сақталған,

Бұл жерде Ләззаттың қаны бар

Танкінің астында тапталған!

**(Ләззаттың зиратының басында анасы отырады жылап, басын шайқап).**

Ләззат (сахнаның түкпірінде Ләззаттың әруағы сөйлеп тұрады):

- 25 жыл болды мен жатырмын

Ақжазықтың түбінде.

Мені өлтірген, таксист жігіт,

Тірімісің бүгін де?

Тірі жүрсең өткен күнді

Еске алғанның несі бар?

«Желтоқсанда» құрбан болған

Ләззат қызды есіңе ал.

Бұйрық берді саған бастық:

«Ел сенімін ақта» деп,

Он алтыға толған қызды

«Танкімен тапта» деп.

Саған арың бұйрық берді:

«Туған елді сақта» деп.

Ал сен тұрсың қыздың арын

«Танкіменен тапта» деп

Жас өмірді бір сен үшін

Қиып түскен қанышер

Сақ болмасақ, қазақ қамын

Желтоқсанда тағы ішер.

**Анасының жоқтауы:**

- Мынау неткен зар заман,

Жүректіге тар заман,

Сені өлтірген дұшпанға

Зауал келсін Алладан.

Асыл едің, мыс болдың.

Қарағым, көрген түс болдың.

Ізің жатыр, өзің жоқ,

Бейнең бар да, көзің жоқ.

Қайдасың, қайда, қарағым!

**Ләззат:**

- Бұл жерден мәңгілік аттанған  
Халқымның есінде сақталған  
Бұл жерде Ләззаттың қаны бар.  
Туған халқым, қазағым,  
Сен үшін жанамын,  
Енді қайтіп көрмеймін  
Желтоқсанның азабын.

**Анасы:**

- Желтоқсанның анаға,  
Бізғары көп, құлыным!  
Намыстан өлген қазақтың,  
Қыздары көп, құлыным!  
Заманыңа қайқайып,  
Қарсы тұрған, боташым!  
Алтын сақа асықтай,  
Алшы тұрған, боташым!  
Дәл өзіңдей қыз тапқан,  
Менде арман бар ма екен?  
Қайтейін, Құдай, қайтейін?!

(Сахнадан кетіп қалады, бейнетаспа көрсетіліп тұрады)

**3-көрініс.**

(Ләззаттың анасымен бүгінгі күннің оқушылары кездесу үстінде)

**Оқушы (Бөкенбаева Гүлсана):**

- Апа, халқымыз «Батыр анадан туады» деп айтады. Ләззат осы жақсы қасиеттерін қайдан алды деп ойлайсыз?

**Анасы (Талғатова Жамила):**

- Ләззатты қазір «менің қызым» дегеннен гөрі «елдің қызы» деген дұрыс шығар. Ол елдің мақтанышына айналды. Ләззатым менің тәрбиеммен әрі мектепте алған тәрбиесімен, бір жаратқанның өзінің бойына дарытқан қайсарлығы мен адалдығы, тазалығы арқасында осындай даралыққа ие болды деп ойлаймын, шырағым.

**2-оқушы (Оразбаев Азамат):**

- Ләззат кім болуды армандап еді?

**Анасы (Талғатова Жамила):**

- Музыкант болуды армандады. Егер Ләззатым аман болғанда, осы күні жақсы өнер иесі болып, отбасын құрып, менің жанашырым болатыны анық еді.

**2-оқушы (Бөкенбаева Гүлсана):**

- Иә, апа. Ел үшін ерлігімен елене,  
Абырой мен атағына бөлене,  
Ләззат сынды қазақ қызы қаһарман  
Ұрпағына болар мәңгі өнеге.

**Оразбаев Азамат:**

- Апа, қаһармандарын ұмытпайды халықтар,  
Өткен күнді тарихымыз анықтар.  
Ерлігіне тағзым етем қашанда,

Тәуелсіздік алып берген Алыптар!

**Алтынбек Аяна:**

- Анаңның арманы едің естен кетпес,

Ортаңа қадірлі едің баға жетпес.

Арнадық осы әнді рухыңа,

Тарихта қалатындай мәңгі өшпес!

**Ән:** «Қазақстан» (көрініске қатысқан барлық оқушылар орындайды).



**Мадина ГУЛАХМЕДОВА,**  
**«О. Жандосов атындағы**  
**орта мектеп мектепке дейін**  
**шағын орталықпен»**  
**мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.**  
Алматы облысы,  
Қарасай ауданы,  
Жандосов ауылы.

## **МЕНИҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТИМ**

**Мақсаты:**

1) қазақ халқының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру;

2) елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып Отанын, халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу;

3) шәкірт жүрегінде елбасына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, құрметтеу. Әнұран, бейнеролик.

**Мұғалім:**

- 1-желтоқсан – Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні. Бұл біздің еліміз үшін жаңа мереке болып саналғанымен, әлемдік қауымдастық арасында бұрыннан бар. Айталық, АҚШ-та Президент күні 1880 жылдан бері мерекеленіп келеді.

**Алуа:**

- Бұл күн кездейсоқ таңдалмады. Сонау 1991 жылы осы күні қазіргі Қазақстанның тарихында алғаш рет тікелей бүкілхалықтық президенттік сайлау болып өтті. Қазақстанда президенттік институт Қазақ КСР-інің Жоғарғы Кеңесі Нұрсұлтан Назарбаевты республика Президенті етіп сайлаған 1990 жылдың сәуірінде-ақ құрылғаны белгілі. Бұл оқиға Кеңестер елін қамтыған терең дағдарыс жағдайында, сөз жоқ, өзінің оң рөлін атқарды, мұның өзі қоғамды топтастырып, жұмылдыруға қабілетті мемлекеттік билік құрылымына сұранысқа байланысты берілген жауап еді. Біздің Президентіміз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Мемлекет басқару ісі – машақатты да, мәртебелі міндет. Басшы басқарған ел – ең бай мемлекет, халқы ең бақытты халық.

**Ануар:**

- Тәуелсіздігімізді алғаннан соң халықтың басын біріктіріп Н.Ә.Назарбаев тұңғыш елбасы болды. Елбасының бастауымен менің Отаным әлемге танылды. Елім елдігін көрсетті, ерлігін танытты. Қазақ халқы егемендігін алып, тәуелсіздікке қол жеткізгенде өз алдымызға ел бола алатындығымызға күмәнданған жандар да болған екен. Бірақ арнамысты ту еткен Елбасымыз бен үкімет басындағы ел үшін еңбек еткен ағаларымыздың аянбай еңбек етуі осы нұрлы күндерге жеткізді.

**Ануар:**

- Қазақстан дейтін менің бар елім,  
Жатыр алып жарты дүние әлемін!  
Бұл даланы анам жаспен суарған,  
Бұл далада атам қолға ту алған,  
Бұл далада жылап келіп, уанған,  
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,  
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

**Әкежан:**

- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы Қаскелең ауданындағы Шамалған ауылында туған. Балалық шағы таршылық жағдайда өтті. Үлкендердің мал бағуына, бау-бақша өсіруіне көмек көрсету керек болды, шөпшек теріп, отын жарды. Өзі еске алғандай, өсірген азмаз өнімдерін сатып, үй-ішіне қажетті заттар алу үшін есек жеккен арбамен жақын маңдағы теміржол стансасына бару дегенің керемет мереке саналған.

Мектепті жақсы оқып, жақсы білім алды. Ата-анасын қатты құрмет тұтты.

**Даниял:**

- Ол ерте есейді, орта мектепті бітіре салысымен Кеңес Одағындағы аса ірі Қарағанды металлургия комбинатының көлемді құрылысына аттанды. Құрылыста біраз еңбек еткеннен кейін бір топ қазақстандықтармен Украинаның Днепродзержинск қаласына барып металлург –жұмысшы мамандығын меңгерді. Шойын құюшы, домна пешінің көмекшісі жұмыстарын атқарды, ал кейінірек инженер дәрежесіне көтерілді.

**Аяулым:**

- Сол жылдары оның басшылық қасиеттері жарқырап көрінді. Қалалық, облыстық және республикалық көлемде басшы органдарда жауапты қызметтер атқарды. Металлургиялық комбинатта партком хатшысы, Теміртау қалалық, Қарағанды облыстық және республикалық партия ұйымдарында экономикалық салаға жауап беретін хатшы болды. Ол Қазақстан Үкіметін басқарғанда 44 жаста болды. Осылайша оның саяси өмірбаяны басталады. 1991 жылы 1 желтоқсанда республика жұртшылығы тұңғыш рет Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Республикамыздың Президенті етіп сайланды. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Жоғарғы сессиясы «Тәуелсіз демократиялық және құқылық мемлекет» деп жарияланды.

**Мөлдір:**

- 1992 жылы 4 маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер Елтаңба, Ту, Әнұран бекітілді. Елтаңба авторлары: Жандарбек Мәлібекұлы, Шотаман Уәлиханов. Шаңырақ – Отан отбасынан басталады. Ортақ шаңырақ биік, босаға берік болсын деген мағынаны, ал уықтар – үлкен үйдің уықтарын шын ниеттерімен қосыла қадаған елшілес ел-жұртта да бай, қуатты болсын дегенді білдіреді. Ай мүйізді, алтын қанатты қос пырақ-жүректілікті, қырағылықты, шапшаңдықты білдіреді. Бес бұрышты жұлдыз «Бағымыз ашылып, жұлдызымыз жарқырай берсін» деген асыл арманды арқалап тұр.

**Дәуіг:**

- Мемлекеттік Ту 1992 жылы 4 маусымда қабылданып, 6 маусымда күшіне енді. Тудың ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген, ішкі бұрышты көгілдір матаның сол жағында қызыл өрнегі бар. Жалаудың ұзындығы – 2 метр, ені-1 метр. Жалаудың жобасын жасаған – суретші Шәкен Ниязбеков. 1993 жылы 15 қарашада Қазақстан Республикасының Ұлттық ақшасы – Теңге айналымға енді.

**Олжас:**

- 1995 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз ҚР-ның тұңғыш «Ата Заңы» қабылданды.

**«Ата Заң»**

Азат елдің басталған айқын жолы тәрізді,  
Ата Заң деп аталған Конституциямыз бар біздің.

Ата Заңмен бекіткен дербестігін еліміз,  
Ата-баба мұра еткен, тұтастығын жеріміз.  
Халық сенген заңымыз әділдікті қолдайды,  
Жақсарсын деп халіміз адам құқын қорғайды.

**Абылай:**

- Астана-ҚР-ның саяси, әкімшілік және мәдени орталығы. Елбасы-Н.Назарбаевтың жарлығына сәйкес 1997 жылы мұнда бұрынғы астанамыз Алматыдан Республиканың басшы орындары Президент кеңесі, ҚР-ның Үкіметі және Парламент көшіп келді. Еліміздің басқару жұмыстары осы жерден жүзеге асырылады.

1998 жылы 10 маусымда жаңа астананың ресми тұсау кесері болды. Қала Есіл өзенінің оң жағалауында Сарыарқаның солтүстік бөлігінде орналасқан. «Менің балалық шағымның аспаны!». Бейнеролик.

**Мұғалім:**

- Уа, халқым, сөз қадірін білесің,  
Жаңбыр жаумаса, жер жетім,  
Басшысы болмаса, ел жетім.  
Көсіле шабар жерім бар,  
Тау көтерген елім бар.  
Қол бастайтын ерім бар,  
Атадан қалған сара жолым бар.  
Төле би сөзімен сынып сағатымызды аяқтаймыз.



**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.**

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Бөлім редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.  
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. **Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Қуәлігі берілген.

Басуға 10.11.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 910. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№11, 2014 ж., 144 бет, Алматы.